AIQYN

www.aikyn.kz
e-mail: aikyn.kz.gazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti

ГАЗЕТКЕ ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

БЕЙСЕНБІ №134 (4819)
26.11.2026

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

ПРЕЗИДЕНТ МӘСКЕУ ҚАЛАСЫНА БАРДЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев AI Journey 2026 халықаралық конференциясына қатысу үшін Мәскеу қаласына жұмыс сапарымен барды.

Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путиннің шақыруымен Мәскеу қаласына барған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевты әуежайдан Ресей Үкіметінің ресми тұлғалары қарсы алды.

Сапар аясында мемлекеттер басшылары кездесу өткізіп, Қазақстан мен Ресейдің стратегиялық серіктестігі мен одақтастығын одан әрі нығайту перспективасын талқылады.

Сонымен қатар Қазақстан Президенті жасанды интеллект тақырыбына арналған AI Journey 2026 халықаралық конференциясына қатысады.

ТЕХНОЛОГИЯ КӨШІНДЕГІ КӨШБАСШЫ

Президент жариялаған «Цифрландыру және ЖИ жылы» аяқталып қалды. Қазақстан бұл межеге үлкен тарихи жетістікпен келіп отыр. БҰҰ-ның күні кеше жариялаған «Электронды Үкіметті дамыту» рейтингінде еліміз 16-шы орынға көтерілді және әлемдік алпауыт АҚШ-тың қасына жайғасты. Қазақстан өз тарихында тұңғыш рет БҰҰ рейтингіндегі үздік мемлекеттердің жаһандық жиырмалығына еркін еніп отыр. Бұл теңдессіз табысқа қалай жеттік? Қазақ елінің eGov-тан QazTech-ке тарихи көші қалай жүзеге асып жатыр?

→ 4



ЕЛОРДА ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІН ЕРЕКШЕ АТАП ӨТПЕК



Астанада ел Тәуелсіздігінің 35 жылдығына орай 100-ден астам іс-шара өткізу жоспарланып отыр. Олардың бір бөлігі өтіп те үлгерді, бірқатары қазір іске асып жатыр. Ал негізгі мерекелік іс-шаралар желтоқсан айына жоспарланған. Бағдарламаға еліміздің Тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктерін дәріптеуге, ұлттық бірлікті нығайтуға және тарихи-мәдени мұраны сақтауға бағытталған мәдени, білім беру, спорттық және әлеуметтік іс-шаралар енгізілген.

→ 5

РЕИНВЕСТИЦИЯДАН ҚҰРАЛҒАН КӨРСЕТКІШ

Қазақстанға шетелден инвестиция тарту жұмысы соңғы жылдары көңіл көншітпей жүр. Бұл мәселені Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жыл сайынғы Жолдауларында үнемі айтып келеді. Уақыт өткен сайын әлемде сыртқы инвестицияға талас күшейіп барады. Қазақстан да сол бәсекеде кемшін түспеуі керек. Алайда ресми мәліметке қарағанда, биылғы алғашқы жартыжылдықта елге тартылған жалпы тікелей шетелдік инвестициялар көлемі 9,4 млрд долларды құраған. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 7,8%-ға аз.

→ 4





МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ МЕМЛЕКЕТТІК КОМИССИЯНЫҢ ҚҰРАМЫН БЕКІТТІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Халықтық құрылыс» инфрақұрылымдық жаңғырту бағдарламасын іске асыруға бөлінген қаражаттың жұмсалуын бақылау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» Жарлыққа қол қойды.

Мемлекеттік комиссияның міндеті – Бағдарлама жобаларының уақытылы әрі сапалы іске асырылуын қамтамасыз ету, сондай-ақ бюджеттік тәуекелдерге, бөлінген қаражаттың тиімсіз жұмсалуына жол бермеу.

Бағдарламаны іске асырудың жоспарлау мен қаражатты бөлуден бастап, нысандарды нақты пайдалануға беруге дейінгі барлық кезеңі бақылауға алынады. Мемлекеттік комиссия мемлекеттік сатып алулардың мерзіміне, құнына және заңдылығына мониторинг жүргізіп, тәуекел деңгейі жоғары жобаларды анықтайды және кемшіліктерді жою жөнінде шаралар әзірлейді.

Бағдарламаны жүзеге асыру барысына жүргізілген мониторинг бойынша Қазақстан Республикасының Президентіне тоқсандық және жылдық есеп ұсынылады.

Мемлекеттік комиссияның жұмыс органы ретінде Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы белгіленді.

Комиссия құрамына уәкілетті мемлекеттік органдар басшылары, Құрылтай депутаттары, Қазақстан Халық Кеңесінің мүшелері, журналистер, қоғам қайраткерлері, сарапшылар, өңірлердің және бизнес қауымдастықтың өкілдері енді.

ШЕҢБЕРГЕ СЫЙҒАН ШЕКСІЗДІК



Бүгін киіз үйдің ЮНЕСКО тізіміне енгеніне тура бір мүшел толып отыр. 2014 жылы 26 қараша күні қазақтың дәстүрлі баспанасы әлемдік деңгейде ресми мойындалды. Дегенмен оның қадір-қасиетін өзгеден бұрын өзіміз жете түсінуге тиіспіз. Мәдени мұрамыздың мәлім де беймәлім қырларына тағы бір үңіліп көрейік.

Жер бетінде Антарктидадан басқа құрлықтың бәрінде далалық өңірлер бар. Ең көлемдісі Еуразияда: шығысында Хинган таулары мен батысында Карпат тауларының арасында кеңінен керіліп жатыр. Бұл – ұзыны 7,5 мың, көлденеңі 1,6 мың шақырымға созылатын ұлан-ғайыр Ұлы дала. Көшпенділердің үш мың жыл бойы тербеліп өскен тал бесігі. Қазіргі қазақ жері төрт түлік малмен көшіп-қонуға, табиғаттың қатал құрсауынан сытылып шығып, жыл құсындай көктемді қуалап жүруге мейлінше ыңғайлы мекен еді. Бірақ жүздеген, мыңдаған шақырымды еңсеріп, ұдайы қоныс жаңартып тұруға қолайлы баспана қажет болды. Сондықтан ата-бабамыз есте жоқ ерте заманда киіз үйді ойлап тауыпты. Жинамалы һәм жылжымалы өнер туындысы халқымыздың бай тәжірибесін, ой-өрісін, талғам-танымын, шеберлік шалымын көрсетеді. Осы орайда Қазақстанның Мәдениет қайраткері Егеухан Мұқамәдиқызы адамзат өркениетінде киіз үйдің мән-маңызы ерекше деп есептейді.

– Қазақтың киіз үйіне жететін үй жоқ. Бір жерге көшіп барсаң, киіз үйді тіге салып отыра қаласың. Ал көшіп кетсең, жұртыңда түк жоқ. Мынадай мысал айта кетейін: Сағынайдың асында 3 мың киіз үй тіккен дейді. Бертінде, 1995 жылы Абайдың 150 жылдығында 1,5 мың киіз үй тігілді. Мың жарым киіз үй Жидебайдың алқабын түгел алды. Үш күн ойын-той болды, айтыс болды. Қарақұрым адам жиналды. Сол халық тарап, той біткеннен кейін киіз үйді жықты да, көлікке артып кетті, жұртында түк қалған жоқ, – дейді ақын.

(Жалғасы 7-бетте)

БАСПАСӨЗ-2027

AIQYN
AIQYN республикалық қоғамдық-саяси газетіне 2027 жылға жазылу басталды



Жазылу түрлері	Индекс	Жазылу мерзімі	«ҚАЗПОШТА» АҚ жазылу бағасы	
			Қала	Ауыл
Заңды тұлғалар үшін	15102 – AIQYN	6 ай 12 ай	18 204,60 36 409,20	13 643,46 27 286,92
Жеке жазылушылар үшін	65102 – AIQYN	6 ай 12 ай	Қала 9 741,30 19 482,60	Ауыл 9 393,42 18 786,84

KAZPOST
Анықтама телефондары:
«Қазпошта» анықтама бөлімі: 8 (7172) 58-02-96
Жазылу және тарату бөлімі: 8 (778) 837-07-21

ҚҰРЫЛТАЙ

26 ҚАРАША 2026 | БЕЙСЕНБІ

ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ МЕН ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ: ЖАҢА ЗАҢ ЖОБАЛАРЫ МАҚҰЛДАНДЫ



Құрылтай Төрағасы Айбек Дәдебайдың төрағалығымен өткен отырыста депутаттар энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыруға қатысты түзетулерді және денсаулық сақтау мәселелері бойынша заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдады. Сондай-ақ Біріккен Ұлттар Ұйымының Киберқылмысқа қарсы конвенциясы ратификацияланды.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы және оның Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстегі ілеспе түзетулері депутаттардың бастамасымен Мемлекет басшысының 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауын іске асыру мақсатында әзірленді.

Заң жобаларын депутаттарға таныстырған Құрылтайдың Өңірлік және инфрақұрылымдық даму комитетінің мүшесі, жоба авторларының бірі Арман Қалықов олардың негізгі мақсаты жалпы ішкі өнімнің энергия сыйымдылығын төмендету екенін атап өтті. Оның айтуынша, 2025 жылдың қорытындысы бойынша ЖІӨ-нің энергия сыйымдылығы 2021 жылғы деңгеймен салыстырғанда 4%-ға төмендеген. Алайда Қазақстанның бұл көрсеткіші орташа әлемдік деңгейден шамамен 2 есе, ал Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына мүше елдердің көрсеткіштерінен 3,6 есе жоғары.

Заң жобаларында Мемлекеттік энергетикалық тізілім тетігін жетілдіру, энергия-сервистік қызметтер нарығын дамыту және энергия үнемдеу саласындағы әкімшілік жауаптылықты күшейту көзделген.

– Энергия мониторингі мен энергия-сервистік қызметтерді дамыту есебінен энергия үнемдеу саласындағы мемлекеттік реттеу шараларын мектептерді, ауруханаларды және балабақшаларды қоса алғанда, бюджеттік секторға кеңейту ұсынылады. Атап айтқанда, Мемлекеттік энергетикалық тізілім шеңберінде қосымша 5 мың әлеуметтік маңызы бар объектіге тереңдетілген талдау жүргізіп, кейіннен олардың энергия тиімділігін арттыру жөнінде ұсынымдар әзірлеу жоспарланып отыр, – деді Арман Қалықов.

Сонымен қатар энергия-сервистік компанияларды іріктеу рәсімдерін жеңілдету, қолданыстағы кедергілерді жою және бюджеттік әрі квазимемлекеттік секторлардың энергия тиімділігін арттыру жобаларына жеке инвестициялар тартуға жағдай жасау ұсынылады. Бұл мемлекеттік ғимараттарда тиімді энергия технологияларын енгізуді кеңейтуге, температуралық режимнің нормативтік параметрлерінің сақталуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ энергия ресурстарының ысырабын азайтуға және оларды ұтымды пайдалануға мүмкіндік береді.

Талқылау барысында депутаттар энергия үнемдеу бойынша нақты нәтижелерге қол жеткізу және қабылданатын шаралардың тиімділігін бағалау тетіктеріне назар аударды. Сонымен қатар тиімді энергия жабдықтарының отандық өндірісін дамыту, шағын және орта бизнесті қолдау, еңбек нарығын дамыту мәселелері көтерілді.

Түзетулерді қарау қорытындысы бойынша оларды бірінші оқылымда мақұлдау туралы шешім қабылданды. Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру мәселелері жөніндегі заң жобаларымен жұмыс алдағы уақытта Құрылтай депутаты Бекжан Әлімқұлов жетекшілік ететін жұмыс тобының отырыстарында жалғасады.

Денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасы да бірінші оқылымда мақұлданды. Заң жобасын депутаттарға Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушы Тимур Сұлтанғазиев таныстырды. Оның айтуынша, ұсынылып отырған түзетулер қолданыстағы заңнаманы заманауи талаптарға сай жетілдіруге бағытталған.

Заң жобасында көзделген негізгі бағыттар бойынша бірқатар жаңа норма ұсынылып отыр. Атап айтқанда, денсаулық сақтау саласын цифрландыру аясында медициналық ұйымдардың ақпараттық жүйелерін өзара байланыстыру және электрондық денсаулық сақтау платформасының жұмыс тәртібін нақтылау ұсынылады. Рентген, компьютерлік томография және МРТ нәтижелерін бір жүйеде сақтау және дәрігерлер арасында алмасу мүмкіндігі қарастырылған. Сонымен қатар азаматтардың медициналық деректерін қорғау талаптары жетілдіріледі.

Медицина ғылымын дамыту және жаңа технологияларды енгізу мақсатында ғылыми ұйымдар, ауруханалар мен отандық өндірушілер арасындағы байланысты күшейту, биомедициналық зерттеулердің бірыңғай ақпараттық жүйесін құру көзделген. Зерттеулерге рұқсат беру тәртібі жеңілдетіліп, олардың жүргізілуін бақылау мүмкіндігі кеңейтіледі.

Медициналық туризмді дамытуға да ерекше назар аударылды.

– Осы бағытты одан әрі дамыту үшін заңнамаға «медициналық туризм» ұғымын енгізу ұсынылады. Сонымен қатар шетелден емделуге келетін азаматтарға қызмет көрсету мен оларды сүйемелдеу тәртібін реттеу көзделген. Бұл отандық медициналық ұйымдардың мүмкіндіктерін кеңейтіп, қосымша инвестиция тартуға жағдай жасайды. Бұл ретте Қазақстан азаматтарына медициналық көмектің қолжетімділігін қамтамасыз ету басты басымдық болып қала береді, – деді Тимур Сұлтанғазиев.

Бұдан бөлек, медициналық бұйымдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында оларға қойылатын талаптарды халықаралық стандарттарға сай жетілдіру, сапасыз және жалған бұйымдарды анықтау мен айналымнан шығару шаралары көзделген. Сонымен қоса, пациенттердің құқықтарын қорғау және құжат рәсімдеуді жеңілдету аясында медициналық көмек алуға келісімді қағаз немесе электрондық түрде беру ұсынылады. Бұл ретте күрделі медициналық араласулар кезінде пациенттің келісімін алу міндетті болып қала береді.

Медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігін арттыру мақсатында медициналық ұйымдарды бағалау және аккредиттеу тәртібін жетілдіру, сондай-ақ жаңа ауруханалар мен емханалардың құрылысын өңірлердегі халық саны мен медициналық көмекке деген қажеттілікті ескере отырып жоспарлау ұсынылады.

Құрылтайдағы жұмыс тобының жетекшісі Арман Жансеңгіровтің айтуынша, заң жобасында Еуразиялық экономикалық одақтың құқықтық талаптарын ескере отырып, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысын құқықтық реттеудің аражігін ажырату, оларды мемлекеттік тіркеу және қайта тіркеу рәсімдерін жетілдіру көзделген.

Бұдан бөлек, «Біріккен Ұлттар Ұйымының Киберқылмысқа қарсы; ақпараттық-коммуникациялық жүйелер пайдаланылып жасалатын белгілі бір қылмыстарға қарсы күресте және елеулі қылмыстарға жататын электрондық нысандағы дәлелдемелермен алмасуда халықаралық ынтымақтастықты нығайту конвенциясын ратификациялау туралы» заң екі оқылымда қабылданды. Оның ережелерін депутаттарға Ішкі істер министрінің орынбасары Санжар Әділов таныстырды.

Конвенцияның негізгі мақсаты – цифрлық саладағы қылмыстар үшін қылмыстық жауаптылық белгілеу, қылмыстарды тергеп-тексеру және электрондық дәлелдемелерді алу тетіктерін жетілдіру, құқық қорғау органдарының халықаралық ынтымақтастығын кеңейту.

Қосымша баяндама жасаған депутат Дәулет Кәрібектің айтуынша, конвенция электрондық дәлелдемелерді алудың жеңілдетілген тәртібін, киберқылмыскерлерді ұстап беруді, сондай-ақ трансшекаралық кибершабуылдарға жедел әрекет ету үшін тәулік бойы жұмыс істейтін байланыс орталықтарын құруды көздейді.

Отырыс соңында Құрылтай депутаттары өзекті әлеуметтік және экономикалық мәселелер бойынша тиісті мемлекеттік органдарға 13 депутаттық сауал жолдады. Олардың барлығымен Құрылтайдың ресми сайтынан және Telegram арнасынан танысуға болады.

Отырыс қорытындысы бойынша энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру, сондай-ақ денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі заң жобалары бойынша БАҚ өкілдеріне арналған қатарынан екі брифинг өтті. Журналистердің сұрақтарына Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушы Тимур Сұлтанғазиев, Өнеркәсіп және құрылыс вице-министрі Қуандық Қажкенов, Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Өнеркәсіп комитетінің төрағасы Азамат Панбаев, сондай-ақ Құрылтай депутаттары Арман Қалықов, Бекжан Әлімқұлов және Арман Жансеңгіров жауап берді.

ЕЛ БОЛЫП ИГІ ІСТЕР ЖАСАЙТЫН КЕЗЕҢДЕМІЗ – ҚҰРЫЛТАЙ ҮНДЕУ ЖАРИЯЛАДЫ

Құрылтай отырысында депутат, «Әділет» партиясы фракциясының мүшесі Дихан Қамзабекұлы Қазақстан Республикасы Құрылтайының Үндеуін жариялады.



Үндеуде еліміз өз Тәуелсіздігінің 35 жылында тұтас дәуірге татитын күрделі де жауапты кезеңді бастан өткергені, өзгеріске толы жылдардағы халқымыздың болашаққа деген үміті пен сенімі мемлекеттің ірге көтеріп, дамуына негіз болғаны баса айтылған.

Сонымен қатар Мемлекет басшысының «Тәуелсіздік бәрінен қымбат!» тұжырымдамасының құндылығы мен өміршеңдігіне айрықша маңыз берілген.

«Бір айдан соң Қазақстан Тәуелсіздігінің жарияланғанына 35 жыл толады.

Баршаңызды осы айтулы мерекемен құттықтаймыз! Расында да, Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы айтқандай – «Тәуелсіздік бәрінен қымбат!».

Алғаш рет біздің Конституциямызда қастерлі «Тәуелсіздік» пен «Егемендік» ұғымының бас әріппен жазылуы елдіктің белгісі деп санаймыз. Осыдан 35 жыл бұрын, 1991 жылы тәуелсіздік жарияланған кезде бір халық, біртұтас ел болып бірге қуанған едік.

Сол жылдардағы халықтық асқақ көңіл-күй, болашаққа деген үміт пен сенім аспандап тұрғаны дәл бүгінгідей есімізде.

Үмітіміз ақталып, тәуелсіздік жылдары Қазақстан тұтас дәуірге татитын күрделі де жауапты кезеңді бастан өткерді.

Шындығында, 1991 жылдың желтоқсаны мен 2026 жылдың желтоқсаны аралығында еліміз зор жетістіктерге жетті деп нық айта аламыз.

Әсіресе соңғы жеті жылда бұрын-соңды болмаған түбірлі өзгерістерге бәріміз куәміз.

Әділеттілік, заң мен тәртіп барлық салада мызғымас қағидаға айналды».

Құрылтайдағы барлық партия фракциялары атынан жарияланған осы Үндеуде Мемлекет басшысының реформаларынан бастау алған оң өзгерістерге ерекше назар аударылып, соңғы жылдары барлық салада қол жеткізілген нақты табыстар тілге тиек етілген.

Сондай-ақ депутат Үндеу аясында шетелге кеткен заңсыз капиталды қайтару және әділеттілік, заң мен тәртіпті барлық салады мызғымас қағидаға айналдыра отырып, экономика игілігін халқымыздың әл-ауқатын көтеру мен ғылым-білімді, мәдениетті дамыту, денсаулық саласын жаңғырту бағытындағы Мемлекет басшысының бастамаларын қолдауға шақырды.

«Оның экономикадағы, іс жүзінде көрінісі – шетелге кеткен заңсыз капитал елге қайтарылып, халықтың игілігіне жұмсалып жатыр. 1 триллион теңгеден аса қаржы әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруға бағытталады.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес одан сайын күшейді, ешбір биік лауазым заң алдындағы жауапкершіліктен құтқармайтыны баршаға аян болды.

Әлеуметтік саладағы әділдік – үш жылдан бері «Ұлттық қордағы» қаржыдан түскен инвестициялық табыс әрбір балаға теңдей бөлініп отыр. Дәл қазір 7 миллионнан аса баланың есепшотына 2,5 млрд АҚШ долларына пара-пар қомақты қаржы аударылған.

Әділетті мемлекетте отандық ғылым мен мәдениетті дамыту да айрықша назарда. Соңғы жеті жылда ғылымды қаржыландыру 3,6 есе өсіп, 261,5 млрд теңгеге жетті.

Сонымен қатар жеті жыл ішінде 1 300-ден аса жаңа мектеп, 1 483 балабақша, 1 259 медициналық мекеме, 536 спорт және мәдениет нысаны салынды.

Ел экономикасы қауіпсіздігіне нақты кепіл Алтын валюта мен Ұлттық қордың активтері 44 пайызға өсіп, 130 миллиард долларға жуықтады. Бұл – осыған дейін болмаған көрсеткіш. Сондай-ақ соңғы 7 жылда 625 жаңа өнеркәсіп кәсіпорны іске қосылды, ауыл шаруашылығы өндірісінің өсімі 24 пайызға артты.

Ал ең бастысы, жалпы ішкі өнімнің көлемі 7 жылдың ішінде шамамен 2,5 есе өсіп, 398 млрд долларды құрады. Бұл – Орталық Азиядағы ең жоғары деңгей», – деді Д.Қамзабекұлы.

Цифрлы трансформация кезеңі саналып отырған қазіргі дәуірде жаһандық экономика қарқыны онлайн платформалар мен жасанды интеллект қызметтерінің бәсекеге қабілетті болуымен өлшенеді. Президент тапсырмасымен елімізде жасанды интеллект және цифрлық интеллектуалды технологияларды экономикалық, әлеуметтік дамудың алғышартына айналдыру басты міндет саналады.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы цифрландыруды дамытуға айрықша көңіл бөлетінін білесіздер. Қазіргі уақытта мемлекеттік қызметтердің 90 пайызы электронды форматта көрсетіледі.

Мұның бәрі – қазіргі даму жолымыздағы ауыз толтырып айтарлық жетістіктер. Кейбір азаматтар бүгінгі қайбір қиындыққа еқпін түсіріп, шүкіршілік ететін көп табысты ұмытып жатады», – деді ол.

Үндеуде айтылғандай, биыл жүзеге асқан конституциялық реформа мен тұтас саяси жүйенің жаңаруы Ел Тәуелсіздігінің 35 жылдығына тұспа-тұс келуі – мәні терең рәмізді оқиға.

Бұл – барымызды бағалап, жетістіктерімізді арттыратын, мемлекеттік басқару мен экономиканы ғана емес, тұтас қоғамдық сананы жаңартатын тарихи кезең, тарихи мүмкіндік.

Осы ретте депутат Үндеуде Мемлекет басшысының Тәуелсіздігіміздің 35 жылдық тарихи белесін мемлекет дамуының нақты мақсат-мүддесін айқындайтын жауапты кезеңге айналдыру бағытындағы ұстанымын ерекше атап өтті.

«Таяуда Ауыл шаруашылығы еңбеккерлері форумында Президентіміз: «Мемлекетіміздің Егемендігін, Тәуелсіздігін қорғауға қатысты кейбір мәселе түбегейлі шешімін таппады» дегенін жақсы білесіздер. Рас, азаттығымызды баянды, бірлігімізді берік ету жолында атқарар ортақ ісіміз әлі де аз емес. Сондықтан қазір біз – ел болып, қоғам болып игі істер жасайтын кезеңдеміз.

Ол үшін Мемлекет басшысы Жолдауында жария еткен «Халықтық құрылыс» жобасы сияқты ел әлеуетін арттыратын істерге бірлесе атсалысқанымыз жөн.

Дәл бүгін жұдырықтай жұмылып, ұлт болып ұйысып, Президентіміз жариялаған «Құрылыс және тағы да құрылыс!» халықтық бастаманы нақты іспен қолдауымыз керек. Тіпті, бұл – әрбіріміз үшін абыройлы міндет!

Мұны 35 жылдық белес аясында басталған тегеурінді, ауқымды жоба деп айта аламыз. Халық игілігіне арналған жүздеген әлеуметтік, ал ауыл-аймақтарда мыңдаған инфрақұрылымдық нысан салынып, баршаның пайдалануына беріледі. Әділеттіктің жалпыұлттық құрылысы – осы күнге өнеге, келешекке мақтаныш болады деп сенеміз.

Бірлігіміз артсын, берекеміз молайсын!» – делінген Үндеуде.

Құрылтай Үндеуі мемлекет пен ұлттың болашағын өткен тарихымыз бен бүгінімізден бөле-жара қарауға болмайтынын, еліміздің барлық игілігі мен жетістігі жұрт болып, жұмылып, ұлт болып ұйысудың арқасында ғана мүмкін болып отырғанын көрсетеді.

Ал мұның өзегінде Мемлекет басшысының реформалары және содан туындайтын саяси, экономикалық, қоғамдық оң өзгерістер логикасы жатыр.

Қастерлі Тәуелсіздік күні қарсаңында, Құрылтайдағы барлық партия фракциялары атынан, бірауыздан жасалған осы Үндеу жұртшылық тарапынан да оң баға алып, қолдау табуда.

Үндеуге пікір білдірушілердің барлығы да Президенттің «Халықтық құрылыс» жобасына ерекше тоқталды. Көпшілік бұл бастама тек инфрақұрылымды жаңғырту ғана емес, мультипликативті түрде халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартып, табысын арттыруға мүмкіндік туғызатынын, елдегі тұрақтылық пен дамуға негіз болатынын баса айтты.

Бізбен тілдескен сәтінде белгілі заңгер, заң ғылымдарының докторы Жамаладен Ибрагимов Құрылтай жариялаған Үндеудің маңызы зор екенін атап өтті.

– Мемлекетіміздің дамуында Құрылтайдың рөлі өте жоғары деп білемін. Құрылтай мемлекеттік шешімдердің қабылдануын тездетуде, мемлекеттегі партиялық жүйені бекітуде және саяси басқарудың ашық және қоғамды есепті болуына өзінің үлесін қосады. Сондықтан Құрылтай жариялаған Үндеудің мәні зор.

Ендігі міндет – қазақ қоғамының әрбір мүшесі, әрбір қазақстандық азамат Президент жариялаған «Құрылыс және тағы да құрылыс!» халықтық бастамасын қолдап, Құрылтай Үндеуіне нақты іспен үн қосып, жұдырықтай жұмылып, адал табыс тауып, адал еңбек етіп, елдің әлеуметтік, экономикалық, саяси дамуына үлес қосуы керек, – дейді заңгер.

Тәуелсіздік күні қарсаңында жарияланған Құрылтай Үндеуі еліміздің шын мәнінде игі істер мен ірі мақсат-мұраттарды бірге еңсеретін тарихи кезеңге, маңызды белеске жеткенін айғақтайды.

ҚОҒАМ

26 ҚАРАША 2026 | БЕЙСЕНБІ

ҚҰРЫЛТАЙ

ЖАҢА АЗАМАТТЫҚ КОДЕКС: АЛҒАШҚЫ ҚАДАМ

Құрылтайда Мемлекет басшысының «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты Жолдауын жүзеге асыру аясында әзірленіп жатқан Қазақстан Республикасының жаңа Азаматтық кодексін әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының алғашқы отырысы өтті. Отырысты Құрылтай төрағасының орынбасары, жұмыс тобының жетекшісі Нұрлан Бекназаров жүргізді.



Депутат Президенттің қолданыстағы Азаматтық кодекс елдің дамуын құқықтық қамтамасыз ету бойынша өзінің тарихи миссиясын толық орындады, ал жаңа кодекс кәсіпкерлер, инвесторлар мен азаматтар үшін құқықтық тұрақтылықты қамтамасыз етуі тиіс деген сөзін еске салды.

– Біз ауқымды заңнамалық реформаның бастауында тұрмыз. Оның нәтижелері көп жыл бойы елдегі қоғамдық және экономикалық қатынастардың құқықтық негіздерін айқындайды. Жинақталған ұлттық тәжірибені де, үздік халықаралық практиканы да ескеретін азаматтық-құқықтық реттеудің тұтас, заманауи моделін әзірлеуіміз керек, – деп атап өтті Нұрлан Бекназаров.

Өз кезегінде Құрылтайдың Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы Үнзила Шапақ жаңа кодексті әзірлеудің негізі Конституцияның үстемдігі принципі болуы тиіс екенін баса айтты. Ол қолданыстағы кодекстің 1990-жылдары қабылданғанын және 30 жыл ішінде оған 300-ге жуық өзгеріс енгізілгенін еске салды. Бұл ретте елде жаһандық трендтерді ескере отырып, елімізде азаматтық заңнаманы жүйелі түрде жаңартуды талап ететін цифрлық экономика белсенді дамып келеді. Оның пікірінше, жаңа кодекс адамға бағытталып, меншіктің барлық нысанын тең қорғауды және мемлекеттің азаматтық-құқықтық қатынастардың басқа қатысушыларымен теңдігін қамтамасыз етуі тиіс. Депутат ірі компаниялар, банктер және құрылыс салушылармен келісімшартта тұтынушылардың құқықтарын қорғауды күшейту қажет екенін ерекше атап өтті.

– Тұрғын үй сатып алу, өз ісін ашу, цифрлық платформа арқылы қызметтер алу, мүлікті мұраға қалдыру – осындай шешімнің барлығы азаматтық құқық нормаларымен реттеледі. Адамның өз құқықтарына деген сенімділігі олардың қаншалықты түсінікті әрі келісіліп баяндалғанына байланысты, – деді Әділет министрі Ерлан Сәрсембаев.

Министр қолданыстағы кодекстің тиімді ережелерін сақтау ұсынылып отырғанын атап өтті. Жаңа заңның негізгі бағыттарының ішінде адам құқықтарын, соның ішінде цифрлық ортада, меншіктің барлық нысанын тең қорғауды, әлсіз тарапты қорғау кезіндегі шарт бостандығын және қатынастарға қатысушылардың адалдығын атады.

Ашықтықты қамтамасыз ету үшін Әділет министрлігінің сайтында «ҚР Азаматтық кодексінің жобасы» бөлімі ашылды, ұсыныстар мен ескертулерді civil.code@adilet.gov.kz электрондық поштасына жіберуге болады.

Өз баяндамасында Каспий қоғамдық университеті Жеке құқық ғылыми-зерттеу институтының бас ғылыми қызметкері, заң ғылымдарының докторы Күләш Ілиясова жаңа кодекстің құрылымына қатысты ғалымдардың ұсыныстарын айты. Жоғарғы Соттың Азаматтық істер жөніндегі сот алқасының судьясы Ғалымжан Мырзаке қолданыстағы нормаларды қолданудың сот практикасына тоқталды. «Әділет» партиясы Төрағасының орынбасары, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның мүшесі Нұрсұлтан Байтілесов «Әділет» партиясының өңірлік филиалдары арқылы азаматтардың ұсыныс-пікірлерін жинауды ұйымдастыруды ұсынды.

Пікір алмасу барысында ғылыми қоғамдастық өкілдері мен сарапшылар жаңа кодексті әзірлеу жолдарына қатысты өз ұсыныстарын білдірді. Айтылған барлық ескерту мен ұсынымдары алдағы жұмыста ескерілетін болады.

Жиынды қорытындылай келе, Нұрлан Бекназаров жұмыс тобының жаңа Азаматтық кодекс жобасына қатысты кез келген сындарлы ұсыныстарды қарастыруға ашық екенін атап өтті. Өз идеялары мен бастамаларын Құрылтайға, Әділет министрлігіне және «Әділет» партиясына жолдауға болатынын хабарлады.

Жұмыс тобы Құрылтай бюросының 2026 жылғы 23 қарашадағы қаулысымен құрылды. Жетекшінің орынбасарлары болып Әділет министрі Ерлан Сәрсембаев, Құрылтайдың Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы Үнзила Шапақ, Каспий қоғамдық университетінің Жеке құқық ғылыми-зерттеу институтының бас ғылыми қызметкері, заң ғылымдарының докторы Күләш Ілиясова бекітілді. Топ құрамына Құрылтай депутаттары, Қазақстан Халық Кеңесінің мүшелері, Президент Әкімшілігінің, Жоғарғы Соттың, Бас прокуратураның, Әділет министрлігінің, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының, адвокатура мен нотариаттың өкілдері, сондай-ақ белгілі заңгер-ғалымдардан тұратын 35 адам кірді.

ӘDILET



ШИПАЖАЙЛАРДЫ ДАМЫТУДЫҢ ЗАҢНАМАЛЫҚ НЕГІЗІ ҚАРАЛДЫ

Қазақстанда мыңнан астам минералды бұлақ бар. Олардың 600-ге жуығының емдік қасиеті ғылыми тұрғыдан дәлелденген. Осы табиғи әлеуетті тиімді пайдалану, шипажайда емделуді азаматтар үшін қолжетімді ету, қызмет көрсету сапасын арттыру және отандық шипажай-курорттық мекемелерге инвестиция тарту мәселелері «Әділет» партиясы алаңында талқыланды.

«Әділет» партиясының адами капиталды дамыту, әлеуметтік қолдау және жастар саясаты жөніндегі жобалық кеңсесінің отырысына Құрылтай депутаттары, салалық министрліктердің, ғылыми қауымдастық пен бизнес өкілдері қатысты.

«Әділет» партиясы шипажай-курорттық саланы дамыту мәселесін жазда, сайлауалды науқан кезінде де көтерген болатын. Сол кезде Ақмола облысының Бурабай ауданында партия өкілдері туризм және шипажайда емдеу саласының қызметкерлерімен кездесіп, саланы дамыту перспективалары мен жергілікті бизнестің мүмкіндіктерін талқылады. Атап айтқанда, партияның сайлауалды бағдарламасында агротуризмді, отбасылық қонақүйлерді, қолөнер шеберханаларын және жергілікті тауар өндірушілерді қолдау көзделген. Мұндай тәсіл ауылдық жерлерде жұмыс орындарын ашуға, шағын бизнесті дамытуға және туристерге өңірлердің табиғаты, мәдениеті мен дәстүрлерімен байланысты жаңа туристік бағыттарды ұсынуға мүмкіндік береді.

Бүгінде сайлауалды бағдарламаны жүзеге асыру аясында депутаттар шипажай-курорттық саланы дамыту үшін заңнамаға қандай өзгерістер енгізу қажеттігін зерделеп жатыр.

Кездесуді ашқан «Әділет» партиясы төрағасының орынбасары Ержан Жылқыбаев шипажайлар ішкі туризмді дамытуда ғана емес, аурулардың алдын алуда, азаматтардың денсаулығын қалпына келтіруде және өңірлердің экономикасын нығайтуда да маңызды рөл атқаратынын атап өтті. Оның айтуынша, бүгінде Қазақстанда шипажай-курорттық салада 333 ұйым тіркелген, олардың 86%-ы – жекеменшік. Сонымен қатар саланы дамыту әлеуеті еліміздің барлық дерлік өңірінде бар.

«Шипажайда ем алу азаматтардың барлық санаты үшін қолжетімді болуы – ұлт денсаулығын нығайту мен әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етудің маңызды шарты. Ол үшін шипажайлардың инфрақұрылымы мен медициналық жабдықтарын жаңғырту, әлеуметтік қолдауды қажет ететін азаматтарды емдеу мүмкіндіктерін кеңейту және жеке инвестиция тарту қажет. Сонымен қатар шипажай-курорттық саланы дамыту бірегей табиғи кешендерді сақтаумен, экологиялық парктер құрумен және табиғи емдік ресурстарды ұқыпты пайдаланумен қатар жүруге тиіс», – деп атап өтті ол.

Кездесуде көтерілген негізгі мәселелердің бірі шипажайлық-курорттық емдеу туралы жеке заң әзірлеу мүмкіндігі болды. Құрылтай депутаты Шолпан Карионованың айтуынша, бұл мәселені зерделеуге қазірдің өзінде төрт бейінді комитеттің депутаттары кіріскен. Олар министрліктермен, әкімдіктермен және сарапшылармен бірлесіп, саланы одан әрі дамыту үшін қандай заңнамалық өзгерістер қажет екенін айқындауға тиіс.

«Сарапшылардың пікірінше, бұл бағытта жеке заң жобасын және табиғи аймақтарға, жер қойнауына, сондай-ақ емдік суларға қатысты ілеспе түзетулер әзірлеу мәселесі қарастырылуы мүмкін», – деді депутат.

Өз кезегінде Денсаулық сақтау вице-министрі Манас Рамазанов заңнамада медициналық оңалту мен шипажайлық-курорттық емдеу ұғымдарын ажыратуды ұсынды. Егер оңалту ауыр сырқаттардан, жарақаттар мен операциялардан кейін адамның денсаулығын қалпына келтіруге бағытталса, шипажайлық емдеу аурулардың алдын алу мен денсаулықты нығайтуды да қамтиды.

Сондай-ақ Денсаулық сақтау министрлігі шипажайлық-курорттық емдеудің жеке стандартын әзірлеуді және Қазақстанның табиғи емдік ресурстарының құрамы, қасиеттері мен медициналық көрсетілімдері туралы ақпарат қамтылған бірыңғай дерекқор құруды ұсынды.

Кездесуге қатысушылар шипажайлық емдеудің азаматтар үшін қолжетімді болуына да ерекше назар аударды. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметінше, 2026 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша елде 151 мыңнан астам жолдама беріліп, 103 мыңнан астам адам ем қабылдаған. Ерекше қажеттіліктері бар балаларға 26 мың жолдама ұсынылған. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Айнұр Әбдірахманованың айтуынша, бүгінде азаматтар 146 қызмет көрсетуші тіркелген Әлеуметтік қызметтер порталы арқылы шипажайды өз бетінше таңдай алады.

Шипажайларды дамыту ішкі туризм үшін де қосымша мүмкіндіктер ашады. Туризм және спорт министрлігінің мәліметінше, 2023 жылы қазақстандық шипажайларда 413 мыңнан астам адам демалған. Бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 9 пайызға көп. Туризм индустриясы комитетінің төрағасы Нұрбол Байжанов жұмыс істеп тұрған шипажайлар туралы ақпаратты жаңартуды, инвесторлар үшін қолайлы жағдай жасауды және демалушыларды жыл бойы қабылдауға мүмкіндік беретін сауықтыру туризмін дамытуды ұсынды.

Саланың тағы бір даму бағыты ретінде мамандандырылған шипажайлар желісін қалыптастыру мәселесі қарастырылды. Мұндай мекемелерде емдеу бағдарламалары нақты ауру түрлері мен жергілікті табиғи ресурстардың қасиеттеріне қарай әзірленуі мүмкін. Бұл туралы Курортология және медициналық оңалту ғылыми-зерттеу институтының директоры Саягүл Қайыргелдина айтып берді.

Кездесуде салаға қажетті мамандар даярлау мәселесі де талқыланды. Бүгінде Қазақстандағы 281 колледж туризм және қонақжайлылық саласы бойынша кадрлар даярлайды. Оқу-ағарту министрлігі шипажайлардың қажетті мамандарды даярлауға қатысты өтінімдерін, оның ішінде кейіннен жұмысқа орналастыру мүмкіндігін қарастыра отырып қабылдауға дайын.

Бұдан бөлек, қатысушыларға пациенттерді есепке алуға және шипажайлық емдеуді қаржыландыруды бақылауға мүмкіндік беретін отандық «е-Шипажай» цифрлық платформасы таныстырылды. Жүйе бюджет қаражатын тартпай-ақ, «Бурабай» шипажайында 515 пациенттің қатысуымен сынақтан өткізілген.

Кездесу қорытындысында Құрылтай депутаты Нұржан Ниязалиев денсаулық сақтау, туризм, инвестиция тарту және табиғи емдік ресурстарды сақтау мәселелерін бір арнаға тоғыстыратын шипажай-курорттық саланы дамытудың ұлттық тұжырымдамасын әзірлеу мүмкіндігін қарастыруды ұсынды.

Кездесу қорытындысы бойынша «Әділет» партиясының жобалық кеңсесі Құрылтай депутаттарымен бірлесіп, бейінді министрліктер мен сарапшылардың қатысуымен одан әрі пысықтау үшін ұсыныстар әзірлейді.

СЕРПІН

ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК – ӨҢІРЛІК САЯСАТТЫҢ ӨЗЕГІ

Қаланың тұрақты дамуы ең алдымен оның инженерлік және энергетикалық инфрақұрылымының мүмкіндігіне байланысты. Халық санының өсуі, жаңа тұрғын алаптарының қалыптасуы, өндірістік және логистикалық нысандардың көбеюі электр энергиясы мен табиғи газға деген сұранысты арттырып отыр. Бұл – Шымкент үшін де өзекті міндеттердің бірі. Бүгінде мегаполистің аумағы кеңейіп, экономикалық белсенділігі артып келе жатқандықтан, энергетикалық қуат көздерін дамыту, электр желілерін жаңғырту және елді мекендерді газдандыру қалалық саясаттың маңызды басымдықтарына айналды.

Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

Энергетикалық инфрақұрылымды дамыту тек коммуналдық қызметтердің сапасын жақсарту мәселесі емес. Бұл – қаланың өндірістік әлеуетін арттырудың, жаңа инвестиция тартудың және экономикалық өсімге жағдай жасаудың негізгі алғышарттарының бірі. Электр энергиясының тұрақты жеткізілуі кәсіпорындардың үздіксіз жұмыс істеуіне, жаңа өндірістердің ашылуына және кәсіпкерлік бастамалардың жүзеге асуына мүмкіндік береді. Сондықтан электрмен жабдықтау жүйесін кеңейту қолданыстағы желілерді жөндеумен ғана шектелмей, болашақтағы тұтыну көлемін ескеретін ұзақмерзімді жоспарлауды талап етеді.

Шымкент қалалық Энергетика және инфрақұрылымды дамыту басқармасының мәліметінше, қазіргі таңда Шымкент қаласындағы 81 елді мекен электр қуатымен қамтылған. 2026 жылы электрмен жабдықтау бағытында 8 жобаны жүзеге асыру көзделген. Атап айтқанда, Сайрам, Сәуле шағынауданының 275-орамында, Қайнарбұлақ және Тұран аумақтарында жаңа электр желілерін тарту жұмыстары жүргізілуде. Нәтижесінде шамамен 24 мың тұрғын сапалы әрі тұрақты электр энергиясына қол жеткізуге мүмкіндік алады. Сонымен қатар Сауда-логистикалық орталығына инженерлік желілер тарту, Dala Construction ЖШС нысанын электрмен қамтамасыз ету және «Жұлдыз» индустриялық аймағының инфрақұрылымын дамыту жұмыстары қолға алынған. Бұл жобалардың маңызы тұрғындардың тұрмыс қажеттілігін өтеумен қатар қаланың өндірістік және кәсіпкерлік кеңістігін кеңейтуінде.

Екінші маңызды бағыт – табиғи газбен қамтамасыз ету. Газдандыру халықтың тұрмыс сапасын арттырып қана қоймай, елді мекендердің әлеуметтік және экономикалық дамуына серпін береді. Әсіресе жаңа тұрғын алаптары үшін газ желілерінің уақытылы тартылуы аса маңызды. Табиғи газға қолжетімділік үй шаруашылықтарының тұрмыстық шығынын оңтайландыруға, жылыту жүйелерінің тиімділігін арттыруға және қатты отынды пайдалануға байланысты экологиялық жүктемені азайтуға ықпал етеді. Бұл тұрғыдан алғанда, газдандыруды тек инженерлік құрылыс ретінде емес, қаланың экологиялық ахуалы мен қоғамдық денсаулығына әсер ететін маңызды әлеуметтік жоба ретінде қарастырған жөн.

Шымкенттің аумағы ұлғайған сайын газ тарату желілерін де соған сәйкес дамыту қажет. Жаңа тұрғын алаптарын газбен қамтуда жобалау, құрылыс, техникалық талаптар мен қауіпсіздік мәселелері өзара үйлесімді жүргізілуі тиіс. Өйткені газ инфрақұрылымының тиімділігі оның қанша үйге жеткізілгенімен ғана емес, жүйенің сенімділігімен, үздіксіз жұмысымен және қауіпсіздігімен өлшенеді. Сондықтан газдандыру жұмыстарында техникалық бақылауды күшейту, желілердің өткізу мүмкіндігін ескеру және тұтынушылардың қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру да назардан тыс қалмауы керек.

Бүгінгі энергетикалық саясаттың тағы бір маңызды талабы – ресурстарды тиімді пайдалану. Электр желілеріндегі шығындарды азайту, заманауи есепке алу жүйелерін енгізу, энергия үнемдеу технологияларын қолдану және инфрақұрылымның тозуын төмендету – ұзақмерзімді тұрақтылықтың негізі. Бұл ретте қаланың инженерлік жүйелерін цифрландыру мен инвестициялық жобалардың тиімділігін арттырудың маңызы зор. Әрбір бөлінген қаражат нақты нәтижеге, ал әрбір жүзеге асқан жоба тұрғындардың өмір сапасын жақсартуға қызмет етуге тиіс.

Шымкенттің энергетикалық инфрақұрылымын дамыту – бүгінгі қажеттілікті өтеумен шектелмейтін, қаланың ертеңгі экономикалық келбетін айқындайтын стратегиялық міндет. Электр қуаты мен табиғи газға қолжетімділік артқан сайын жаңа аумақтарды игеруге, өндіріс орындарын дамытуға және инвестициялық тартымдылықты күшейтуге мүмкіндік туады. Ең бастысы, бұл жұмыстардың түпкі нәтижесі әрбір тұрғынның күнделікті өмірінен көрініс табуы керек. Тұрақты энергиямен жабдықталған, газдандыру деңгейі жоғары, заманауи инфрақұрылымы қалыптасқан қала ғана өзінің даму әлеуетін толық жүзеге асыра алады.

26 ҚАРАША 2026 | БЕЙСЕНБІ

ТЕХНОЛОГИЯ КӨШІНДЕГІ КӨШБАСШЫ

Президент жариялаған «Цифрландыру және ЖИ жылы» аяқталып қалды. Қазақстан бұл межеге үлкен тарихи жетістікпен келіп отыр. БҰҰ-ның күні кеше жариялаған «Электронды Үкіметті дамыту» рейтингінде еліміз 16-шы орынға көтерілді және әлемдік алпауыт АҚШ-тың қасына жайғасты. Қазақстан өз тарихында тұңғыш рет БҰҰ рейтингіндегі үздік мемлекеттердің жаһандық жиырмалығына еркін еніп отыр. Бұл теңдессіз табысқа қалай жеттік? Қазақ елінің eGov-тан QazTech-ке тарихи көші қалай жүзеге асып жатыр?

Айхан ШӘРІП



ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДЕГІ ТАРИХИ СЕРПІЛІС

Дүниежүзілік «Электронды Үкіметті дамыту индексінде» (UN EGDI) 24-ші орыннан 16-шы орынға көтеріліп, алғаш рет «ең жоғары рейтингтік сыныпқа» қосылдық. Бұдан былай Қазақстан цифрлық мемлекет құруда көш басындағы Оңтүстік Корея, Сингапур, Сауд Арабиясы, Ұлыбритания, АҚШ секілді алыптармен бір деңгейде аталады.

Республиканың екі жылда бірден 8 сатыға көтерілуі БҰҰ баяндамасында «көшбасшы елдер арасындағы ең бір елеулі ілгерілеу» деп бағаланды. Қазақстан – осы деңгейге жеткен өңірдегі алғашқы ел. Бұл – Президенттің толыққанды цифрлық ел құру жөніндегі тапсырмасын жүзеге асырудың және мемлекеттік басқаруды трансформациялаудың негізгі құралы ретінде ЖИ-ді дамытуға басымдық берудің тікелей нәтижесі.

Екі жыл ішінде Қазақстан 2024 жылғы рейтингте өзінен жоғары тұрған Швецияны, Германияны, Ирландияны, Жаңа Зеландияны, Аустрияны және Жапонияны артқа тастады. Ел индексі 0,9009-дан 0,9363-ке дейін өсті, ал әлемдік орташа көрсеткіш 0,6675 қана. ТМД және Орталық Азия елдері арасында Қазақстан тағы да І-ші орында! Әлемдік рейтингте Өзбекстан 32-ші, Әзербайжан 38-ші, Ресей 50-ші орынды місе тұтты.

Қазақстан негізгі бағыттың бәрінде өсті. БҰҰ байланыс саласында елдің елеулі алға озғанына да назар аударды: мобильді байланыс пен интернеттің қолжетімділігі бойынша республика әлемдік рейтингте 41-ші орыннан 13-ші орынға биіктеп, телекоммуникациялық инфрақұрылым деңгейі бойынша әлемдік лидер Эстониямен теңесті. Қарапайым халықтың бұл тарихи жетістіктегі үлесі сүбелі: цифрлық сервистерді белсенді әрі сенімді пайдалану, цифрлық сауаттылық көрсеткішін шамамен 1,5 есе арттыру, сондай-ақ білім мен дағдылар деңгейін көтеру арқасында еліміз бұл бағытта 42-шіден 28-ші орынға жоғарылады.

БҰҰ баяндамасында eGov.kz, eGov Mobile экожүйесі – интеграцияланған цифрлық мемлекеттің үлгісі, ал alem.ai халықаралық орталығы – білім, зерттеу, стартаптар мен қолданбалы ЖИ-ді дамыту алаңы ретінде атап өтілді. БҰҰ сарапшыларының бағалауынша, Қазақстан жеткен жоғары деңгейімен шектелмей, өз позициясын одан ары нығайтып келеді. Мұндағы жетістік жекелеген сайттардың дамуынан бастап, меморгандардың өзара іс-қимыл платформаларын, цифрлық сәйкестендіруді, мобильді сервистер мен AI-ХҚҚО-ларды біріктіретін бірыңғай жүйенің қалыптасуынан тамыр тартып жатыр.

Жалпы, цифрлық мемлекет дегеніміз – қызметтерді компьютерге көшіру ғана емес, адамның уақытын үнемдейтін, бюрократиялық кедергіні азайтатын, шешімді дер кезінде қабылдайтын жүйе. Сондықтан бұл биік белестің астарында мемлекеттік басқарудың мазмұнын өзгерткен, технологиялық инфрақұрылымды жаңартқан, халық пен билік арасындағы байланысты жаңа арнаға бұрған ауқымды реформа жатыр.

EGOV-тан QAZTECH-ке ҰЛЫ КӨШ

Бүгінде Қазақстандағы мемлекеттік қызметтердің 90%-дан астамы онлайн қолжетімді. eGov.kz порталында 16,4 миллионнан астам пайдаланушы тіркелген. 2026 жылғы қаңтар-қазанда электронды Үкімет арқылы 51 миллионнан астам қызмет көрсетілді. Оның үштен екісіне жуығы смартфон арқылы алынған. Демек, көркем тілмен айтқанда, «мемлекет азаматтың қалтасында».

Бұрын негізгі қызметтер «Электронды Үкімет» порталы айналасында өрбісе, бүгінде eGov Mobile, eGov Business, eGov GPT, e-Otinish, «Әлеуметтік әмиян» және басқа платформалар өзара байланысқан бірыңғай цифрлық экожүйеге айналып келеді. Мәселен, «Азаматтарға арналған Үкімет» мемкорпорациясы мамандарының түсіндіруінше, ЖИ ендірілген eGov GPT-ге қарапайым қазақстандық өзі тап болған өмірлік жағдайын қарапайым тілмен сипаттап берсе болғаны, бұл сервис оған қажетті қызметті өзі анықтап, жауапты органға өтінішті дайындауға көмектеседі. Әзірге бұл жүйе ең сұранысқа ие 50 қызметті қамтиды. Жыл соңына дейін оның өрісін 150 қызметке дейін кеңейту жоспарланған. Бұл қызметтер жалпы өтініштер ағынының 80%-ына дейінгі бөлігін қамтиды.

Жасанды интеллектіні дамытуға арналған отандық есептеу инфрақұрылымы қалыптасып келеді. Оның құрамына TOP-500 халықаралық рейтингінде 86-орынға ие болған Alem.Cloud ұлттық суперкомпьютерлік кластері және осы рейтингте 103-орынға жайғасқан «Қазақтелекомның» коммерциялық суперкомпьютері кіреді. Ал отандық IT-қызметтер экспортының көлемі 1,1 млрд долларға жетіпті.

– Президент Қазақстанды 3 жыл ішінде толыққанды цифрлық елге айналдыру міндетін қойды. Нәтижеге жүйелі жұмыс арқылы қол жеткізіледі. ЖИ-ге басымдық беру өз тиімділігін көрсетті: ол бюрократиялық процестерді өз мойнына алды, адамдарға стратегиялық және шығармашылық міндеттерге уақыт бөлуге мүмкіндік береді. Алдымызда тұрған келесі міндет – азамат өзі сұраныс білдірмей тұрып-ақ қажетті қызметтерді алдын ала ұсынатын мемлекет қалыптастыру, – деді вице-премьер – ЖИ және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев.

Қазақстанның цифрлық жаңғыруындағы келесі тарихи шыңы – дәстүрлі «электронды Үкімет» моделінен бірыңғай технологиялық архитектураға көшу болмақ. Бұрын әр меморган ақпараттық жүйесін өз бетінше әзірлеп, әртүрлі технологияларды пайдаланды. Соның салдарынан бірін-бірі қайталайтын өнімдер пайда болып, деректерді қорғау тәсілдері әркелкі қалыптасты. Жүйелерді әзірлеу жылдарға созылып, олардың қауіпсіздігін тексеру қосымша уақыт алды.

Осы олқылықтың орнын толтыру үшін 2026 жылғы 1 сәуірден бастап цифрлық өнімдерді әзірлеудің бірыңғай ортасы – QazTech платформасы іске қосылды. Енді мемлекеттік ақпараттық жүйелер ортақ технологиялы негізде әзірленіп, біріктіріледі. Платформаның инфрақұрылымы тәулік бойы бақылауда екен. Security by Design қағидаты қауіпсіздікті жобалау кезеңінен енгізсе, DevSecOps құралдары бағдарламаны әзірлеу, сынақтан өткізу, пайдалану барысында қорғалу деңгейін автоматты түрде тексереді.

Үкімет қолданыстағы жүйелерді көшірудің екі жылдық жоспарын бекітті. 2026 жылы 39 жүйені көшіру жоспарланған: 36-сында жұмыс аяқталу сатысына жетті. Қосымша 25 жүйе жоспардан тыс әзірленіп, көшірілмек. 10 ақпараттық жүйе платформада толық жұмыс істей бастады. Мемлекет басшысы QazTech-тен тыс жаңа мемлекеттік жүйелер құруға мораторий жариялады. Бұл – ведомстволық бытыраңқылықтан ортақ цифрлық тәртіпке көшудің нақты көрінісі.

Жаңарудың нәтижесі күнделікті қызметтерден байқалады. Бұрын ата-аналар шабуылдағанда, балдырғандарды І-ші сыныпқа қабылдау жүйесі жыл сайын алғашқы күні-ақ істен шығатын. Биыл Оқу-ағарту министрлігі мен «Қазақтелеком» бірлесіп, оны QazTech платформасында қайта даярлады. Жүйе ақаусыз істеп, 365 мыңнан астам өтінімді қабылдады. Электронды Үкімет шлюзінің өткізу қабілеті де 2,5 есеге артты. Былтыр осы шлюз арқылы мемлекеттік баж және бюджетке басқа ақыны төлеудің 19 миллиардтан астам транзакциясы өткен. Жыл сайын жүктеме 25%-ға өскеніне қарамастан, жаңа жүйеде деректер алмасу жылдамдығы мен тұрақтылығы жақсарды. QazTech негізінде eGov 3.0 порталы іске қосылып, қызмет алу қадамдары қысқартылған.

Бірыңғай платформаға көшудің игілігі көп көрінеді. Мемлекеттік деректер базаларының интеграциясы азаматтан анықтама жинауды, құжаттарды сканерлеп, қайта-қайта тіркеуді талап етпейтін жүйе қалыптастыруға жол ашады. Келесі қадам – «Өмір жолы» қағидаты. Яғни мемлекет азаматтың өтінішін күтпей, өміріндегі маңызды жағдайларға қарай қажетті қызметті өзі, проактивті ұсынуы керек.

Мұның бәрі 2029 жылға дейінгі Digital Qazaqstan стратегиясының аясында жүзеге аспақ. Жоспар бойынша мемлекеттік қызметтердің кемінде 40%-ы ЖИ мен автоматтандыру арқылы жаңғыртылып, қызмет алу уақыты екі есе қысқаруға тиіс. Мемлекеттік қызметшілердің операциялық жүктемесін 30%-ға дейін азайту көзделген. Сонымен бірге киберқауіпсіздік, дербес деректерді қорғау, өңірлер арасындағы цифрлық теңсіздікті жою басты назарда қалуы қажет.

Қорыта айтқанда, тек жаһандық рейтингтерде тоқтаусыз өрлеу емес, цифрлық ілгерілеу арқылы өмір сапасын арттыра түсу маңызды. Түпкі мақсат – азаматтан артық анықтама талап етпейтін, қажетті деректі өзі табатын, адамның өмірлік жағдайын алдын ала түсініп, қызметін ұсынатын нағыз цифрлық мемлекетті құру. Ол цифрлық технологиялардың қалауын тауып, ұтымды қолданып, әр азаматының мәселесін еш сергелдеңсіз тез, кедергісіз әрі толыққанды шешуге тиіс.

РЕИНВЕСТИЦИЯДАН ҚҰРАЛҒАН КӨРСЕТКІШ

Қазақстанға шетелден инвестиция тарту жұмысы соңғы жылдары көңіл көншітпей жүр. Бұл мәселені Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жыл сайынғы Жолдауларында үнемі айтып келеді. Уақыт өткен сайын әлемде сыртқы инвестицияға талас күшейіп барады. Қазақстан да сол бәсекеде кемшін түспеуі керек. Алайда ресми мәліметке қарағанда, биылғы алғашқы жартыжылдықта елге тартылған жалпы тікелей шетелдік инвестициялар көлемі 9,4 млрд долларды құраған. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 7,8%-ға аз.

Ербол ТҰРЫМБЕТ



Ал қарсы бағыттағы инвестициялық операцияларды, соның ішінде шетелдік инвесторлар алдындағы міндеттемелерді өтеуді есепке алғаннан кейінгі таза тікелей шетелдік инвестициялар ағыны айтарлықтай қысқарған. Осы аралықта таза ТШИ көлемі небәрі 470,6 млн долларды құрап, былтырғы сәйкес кезеңіндегі 928,5 млн доллармен салыстырғанда 49,3%-ға төмендеген.

Бір қызығы, ел экономикасында соңғы он жылда осындай үрдіс белең алған. Мұны ресми статистика көрсетіп отыр, яғни инвестицияның басқа бөліктерінде теріс динамика байқалып жатса, қаражаттың осы түрі жалпы көрсеткішті әрдайым оң мәнде ұстап келеді екен. Тек алдыңғы жылы жағдай біршама өзгерген. Қайта инвестицияланған табысты есепке алмағанда, таза тікелей шетелдік инвестициялар ағыны оң көрсеткішке шығып, 647,1 млн долларға жеткен. Алайда 2026 жылдың осы кезеңінде оң динамика әлсіреп, инвестиция көлемі жоғарыда айтылған 501,6 млн долларға дейін қысқарып отыр.

Сонымен қатар қайта инвестицияланған табыс елден әкетіле бастады. Биылғы әуелгі 6 айда шамамен 31 млн доллар шетелдіктердің қалтасында кеткен. Ал бір жыл бұрын шамамен 1,7 млрд доллар болған еді. Соның арқасында шетел қаражаты дегенде реинвестиция емес, таза қаржы құйылып жатқанын аңғартады. Оның өсуі шетелдік инвесторлардың Қазақстандағы жобаларға қаражат салуды жалғастырып отырғанын аңғартады.

Тап осы шетелдік инвестиция жайына Мемлекет басшысы биылғы Жолдауында да арнайы тоқталған еді. Президенттің айтуынша, әлемде инвестицияға талас күшейіп келеді. Бәсекеге қабілетті болу үшін жедел шешімдер қабылдап, жылдам әрекет ету қажет. Бірақ елімізде инвестор тарту және оларды жан-жақты қолдау жүйесінде бірізділік жоқ.

– Әрбір мекеме немесе жеке тұлға ойында не бар болса, соны істей береді. Нәтижесінде кешенді көзқарас та, үйлесімділік те, сабырлық та, білім де жетіспейді. Сондықтан инвестиция тарту ісін бір орталықтан басқаруға мүмкіндік беретін тұтас жүйені жетілдіре түсу керек. Менің ойымша, баяғыдан сөреде жатқан мәселені, яғни инвестициялармен жүйелі түрде айналысатын мекемені анықтау керек. Себебі қазіргі таңда осы бағытта жүйе жоқ. Бірқатар мемлекеттік мекемеге бірдей құзыреттер берілген. Қазіргі жағдайда бұл тәсілдер заман талабына сай келмейді, әбден ескірген, – деген еді Жолдауында.

Кей сарапшылар таза шетелдік инвестицияның неліктен төмендегенін былай түсіндіріп көреді. Олар ірі мұнай-газ жобаларына салынған инвестициялардың аяқталуынан көреді. Айталық, Halyk Finance мамандарының бағалауынша, инвестиция көлемінің төмендеуіне әсер еткен негізгі факторлардың бірі – мұнай-газ саласындағы ірі жобалардың аяқталуы. Соның ішінде Теңіз кен орнын кеңейту жобасының құрылыс кезеңінен өндірістік пайдалану кезеңіне өтуі капитал қозғалысына ықпал еткен. Өйткені ауқымды жобаларға құрылыс кезінде миллиардтаған доллар жұмсалады. Ал кәсіпорын пайдалануға берілгеннен кейін инвестициялық шығындар азайып, өндіріс табыс әкеле бастайды.

Дегенмен Қазақстанға келетін шетелдік капиталдың барлық бағытта қысқарғанын айтуға болмайды. Сарапшы Нұр Қанатұлы келтірген мәліметтерге сәйкес, тау-кен өндіру өнеркәсібінен тыс салалардағы таза инвестиция ағыны 3,2 миллиард доллардан 4,3 миллиард долларға дейін өскен. Бұл дерек шетелдік инвесторлар Қазақстаннан жаппай кетіп жатыр деген пікірге қайшы келеді. Алайда мәселенің екінші жағы бар. Қазақстан экономикасы көп жыл бойы ірі шикізат жобаларына сүйеніп дамыды. Мұнай-газ саласына салынған инвестициялар өндіріс көлемін арттырып, экспорттық түсім мен салық кірістерінің өсуіне мүмкіндік берді. Бірақ мұндай жобалардың инвестициялық кезеңі шектеулі. Бір кен орнын кеңейту жұмыстары аяқталған кезде оның орнын басатын жаңа өндірістер мен инвестициялық жобалар қажет.

Сондықтан алдағы жылы елімізге шетелдік инвестициялар негізінен сол жобалардың әлеуеті мен тиімділігіне қарай іріктеліп келуі мүмкін. Жекелеген ірі келісімдер жалпы көрсеткішті жақсартады-ау дегенмен бұл тұрақты инвестициялық өсім басталды дегенді білдірмейді. Инвесторлар ең алдымен жобаның табыстылығына, электр энергиясы мен инфрақұрылымның қолжетімділігіне, өткізу нарығына және құқықтық тұрғыдағы қауіпсіздігіне жете назар аударады.

Қазақстанның шикізатты терең өңдеу, агроөнеркәсіп, логистика, энергетика және өнеркәсіптік жабдықтар шығару бағыттарында әлеуеті жеткілікті. Алайда белгілі бір саланың мемлекет үшін маңызды болғанымен, инвестор үшін үнемі тартымды бола бермеуі мүмкін. Өйткені кез келген компания салған қаражатының қанша уақытта қайтатынын және өз құқығының қаншалықты қорғалатынын білгісі келеді.

Инвестицияның азаюы мұнай бағасының төмендеуімен немесе экспорттық жеткізілімдердің бұзылуымен қатар жүруі мүмкін. Мұндай жағдайда мемлекеттік бюджет пен валюта нарығына қосымша қысым түседі. Дегенмен теңге бағамын тек шетелдік инвестиция көлеміне қарап болжау дұрыс емес. Оған экспорт пен импорт, мұнай бағасы, бюджет операциялары және ақша-кредит саясаты сияқты көптеген фактор әсер етеді.

Ал қолайлы жағдайда Қазақстан шикізат өндіруден тыс салаларға бағытталған инвестиция өсімін тұрақты үрдіске айналдыра алады. Ол үшін ең алдымен бизнестің жұмыс істеу жағдайын жақсарту қажет. Дүниежүзілік банк те Қазақстанның ұзақмерзімді дамуы үшін бәсекелестікті күшейту, мемлекеттің экономикаға араласуын азайту, инфрақұрылым мен адами капиталды дамыту маңызды екенін атап көрсетеді.

Сарапшылардың пікірінше, инвесторларға тұрақты салық саясаты, меншік құқығының нақты қорғалуы, инфрақұрылымға тең қолжетімділік және әділ бәсекелестік қажет. Бұл талаптар шетелдік компанияларға ғана емес, отандық кәсіпкерлерге де қатысты. Өйткені қазақстандық бизнес өз қаражатын жаңа өндірістерге салуға дайын боп жатса, бұл да ел экономикасына деген нық сенімнен туған әрекет. Осы тұрғыдан алғанда, инвестициялық саясаттың тиімділігін тек тартылған миллиардтармен бағалау жеткіліксіз. Ең бастысы – сол қаражаттың нәтижесінде қанша кәсіпорын ашылғаны, қанша тұрақты жұмыс орны құрылғаны, қандай технологиялар енгізілгені және экспортқа шығарылатын өнім көлемінің қаншалықты артқаны.

Тікелей шетелдік инвестицияның таза ағыны екі есеге жуық қысқаруы – Қазақстан экономикасы үшін назар аударуға тұрарлық белгі. Бұл инвесторлардың елден жаппай кетіп жатқанын білдірмейді. Бірақ экономиканың ірі шикізат жобаларына тәуелділігі әлі де жоғары екенін көрсетеді. Ендігі басты мәселе, Үкіметтің алдағы үш-бес жылға арналған нақты инвестициялық жоспары қандай болмақ? Мұнай-газ саласындағы ірі жобалардың орнын қандай өндірістер басады? Қазақстан экономикасы шикізат экспортына тәуелділікті азайтып, жаңа табыс көздерін қалыптастыра ала ма? Инвестиция статистикасындағы қазіргі өзгерістер осы сұрақтарға жауап іздеуді талап етеді.

РЕФОРМА

26 ҚАРАША 2026 | БЕЙСЕНБІ

АТОМ ЭНЕРГЕТИКАСЫ – ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ӨРЛЕУДІҢ ӨЗЕГІ

Энергия қазіргі адамзат тіршілігінің ажырамас негізін құрайды. Бүгінде энергетикалық жүйелердің дамуы XXI ғасырдың ең өзекті жаһандық сын-қатерлерімен, атап айтқанда, энергетикалық және экологиялық мәселелермен байланысты түбегейлі өзгерістерге ұшырауда. Бұл мәселелер бір-бірімен тығыз байланысты, өйткені негізінен қазба отынға сүйенетін энергия өндіру мен тұтынудың қазіргі моделі қоршаған ортаға айтарлықтай теріс әсерін тигізіп жатыр. Халық санының өсуі, урбандалу және индустрияландыру табиғи ресурстар мен энергетикалық жүйелерге түсетін жүктемені одан әрі арттыруда.



Біріккен Ұлттар Ұйымының деректеріне сәйкес, 2024 жылы әлем халқының саны шамамен 8,2 млрд адамға жетіп, 1964 жылғы көрсеткіштен шамамен 2,5 есе артқан. Осындай үрдіс Орталық Азияда да байқалады. 2025 жылға қарай өңір халқының саны 83,6 млн адамға жетіп, 1965 жылмен салыстырғанда шамамен үш есе өскен.

Біріккен Ұлттар Ұйымының деректеріне сәйкес, 2024 жылы әлем халқының саны шамамен 8,2 млрд адамға жетіп, 1964 жылғы көрсеткіштен шамамен 2,5 есе артқан. Осындай үрдіс Орталық Азияда да байқалады. 2025 жылға қарай өңір халқының саны 83,6 млн адамға жетіп, 1965 жылмен салыстырғанда шамамен үш есе өскен. Осыған байланысты әлемнің жетекші елдері атом энергиясын пайдалануды жүйелі түрде кеңейтіп, энергетикалық ауысу мен декарбонизацияға бағытталған ауқымды бағдарламалар мен стратегияларды жүзеге асыруда. Қазақстан үшін де мұндай ауысу қажеттілігі айқын.

Экологиялық және энергетикалық мәселелер тұрғысынан алғанда, соңғы ғылыми зерттеулер энергетикалық ауысуды төмен көміртекті және жаңартылатын энергия көздеріне көшумен байланыстырады. Халықаралық энергетикалық агенттіктің (ХЭА) деректеріне сәйкес, Қазақстан Орталық Азия елдері арасында жаңартылатын энергия көздерін (ЖЭК) енгізу бойынша ең жоғары әлеуетке ие. Сонымен қатар жаңартылатын және төмен көміртекті энергетика саласындағы жобалардың белсенді дамуына, сондай-ақ дәстүрлі энергия көздерінің маңыздылығы сақталып отырғанына қарамастан, атом энергетикасының энергетикалық ауысудың жалпы тұжырымдамасына толыққанды кіріктірілмеуі оның мүмкіндіктері мен болашақ даму әлеуетін шектейді.

Осындай жағдайда атом энергетикасын дамыту Қазақстанның ұзақмерзімді энергетикалық саясатының маңызды бағытының біріне айналуда. Алғашқы «Балқаш» атом электр станциясын салу жобасын іске асыру еліміздің энергетика саласының дамуында жаңа кезеңге жол ашады. Сонымен қатар атом технологияларын одан әрі дамыту бірқатар ғылыми-техникалық міндеттерді шешуді талап етеді. Олардың ішінде ядролық энергетикалық қондырғыларда қолданылатын материалдарды зерттеу ерекше орын алады.

Радиациялық материалтану қазіргі атом энергетикасын дамытудың іргелі ғылыми негіздерінің бірі болып табылады. Себебі ядролық энергетикалық қондырғылардың конструкциялық материалдары пайдалану барысында жоғары температураның, радиациялық сәулеленудің, механикалық жүктемелердің және басқа да факторлардың әсеріне ұшырайды. Бұл әсерлер материалдардың құрылымы мен қасиеттерінің елеулі өзгеруіне әкелуі мүмкін. Осыған байланысты материалдардың радиациялық төзімділігін, деградация механизмдерін және олардың физика-механикалық сипаттамаларының өзгеру заңдылықтарын зерттеу ерекше өзектілікке ие. Мұндай зерттеулердің нәтижелері атом энергетикалық қондырғыларының қауіпсіздігін, сенімділігін және ұзақ мерзімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

Бұл зерттеулердің практикалық маңыздылығы Ядролық физика институтының ғылыми қызметімен расталады. Институтта материалдарға радиациялық әсерді зерттеу, олардың құрылымы мен физика-механикалық қасиеттерінің өзгерістерін анықтау бағытында ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіледі. Алынған эксперименттік деректер материалдардың радиациялық төзімділігін бағалауға және оларды атом энергетикасында қолдану перспективаларын айқындауға мүмкіндік береді.

Менің ойымша, қазір Қазақстан үшін тек атом электр станциясын салумен шектелмей, сонымен қатар отандық ғылыми-технологиялық базаны дамыту, эксперименттік инфрақұрылымды жаңғырту және білікті мамандар даярлау аса маңызды. Өйткені отандық ғылыми әлеует пен құзыреттіліктің қалыптасуы материалдардың сенімділігін қамтамасыз етуге, атом энергетикалық қондырғыларының қауіпсіздігін арттыруға және шетелдік технологияларға тәуелділікті азайтуға мүмкіндік береді

Қазақстан үшін атомдық материалтану саласындағы ғылыми зерттеулерді дамыту ерекше маңызға ие. Отандық ғылыми-технологиялық базаны қалыптастыру, білікті мамандар даярлау және материалдарды зерттеудің заманауи әдістерін дамыту атом саласының одан әрі өркендеуіне қажетті ғылыми негізді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Осылайша, энергетикалық ауысу тек жаңа энергия көздерін енгізумен ғана шектелмейді. Ол іргелі ғылымды дамытуды, жаңа материалдар мен технологияларды жасауды, сондай-ақ еліміздің тұрақты технологиялық дамуын қамтамасыз ететін ғылыми-техникалық әлеуетті нығайтуды көздейді.

Чингис ДАУЛБАЕВ,
PhD, қауымдастырылған профессор, Ядролық физика институтының Қатты дененің радиациялық физикасы бөлімінің бастығы

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 35 ЖЫЛ

ЕЛОРДА ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІН ЕРЕКШЕ АТАП ӨТПЕК

Астанада ел Тәуелсіздігінің 35 жылдығына орай 100-ден астам іс-шара өткізу жоспарланып отыр. Олардың бір бөлігі өтіп те үлгерді, бірқатары қазір іске асып жатыр. Ал негізгі мерекелік іс-шаралар желтоқсан айына жоспарланған. Бағдарламаға еліміздің Тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктерін дәріптеуге, ұлттық бірлікті нығайтуға және тарихи-мәдени мұраны сақтауға бағытталған мәдени, білім беру, спорттық және әлеуметтік іс-шаралар енгізілген.

Тәуелсіздіктің 35 жылдығына арналған мерекелік бағдарламаның бір бағыты – тұрғындардың өмір сүру деңгейін арттыруға және қала қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған жаңа нысандарды ашу. Мәселен, 16 желтоқсанға дейін Астанада 11 жаңа модульдік және учаскелік полиция пунктін ашу жоспарланып отыр. Олар елорданың алты ауданында орналасады.

Алматы ауданында жаңа модульдік полиция пункті Тәуелсіздік пен Бауыржан Момышұлы даңғылдарының қиылысына жақын тұста орналасады. Байқоңыр ауданында А.Иманов көшесі, 42 мекенжайында №25 учаскелік полиция пункті ашылады. Есіл ауданында бірден үш жаңа пункт жұмысын бастайды. Олар «Бағыстан», Apple City және «Куршавель» тұрғын үй кешендерінде орналасады. Тағы екі пункт Нұра ауданындағы Қазыбек би көшесі, 19/1 мекенжайында ашылады. Сарайшық ауданында екі полиция пунктін, ал Сарыарқа ауданында Жеңіс даңғылы, 3 мекенжайында тағы екі пункт ашу көзделіп отыр. Бұл жұмыс қауіпсіз қалалық ортаны қалыптастыруға бағытталған «Заң мен тәртіп» қағидатын іске асыруды жалғастырады.



Тәуелсіздік мерейтойына орай өтетін тағы бір іс-шара ұлттық мәдени мұраны насихаттауға арналған. 15 желтоқсанда Күйшілер аллеясында, Дина Нұрпейісова ескерткішінің маңында дәстүрлі қазақ әндерін орындаушыларға арналған естелік тақта ашылады. Мерекелік бағдарламаның 60-қа жуық іс-шарасы мәдениетке, білімге, тарихқа және Тәуелсіз Қазақстанның жетістіктеріне арналған. Оларға шығармашылық және ғылыми зиялы қауым өкілдері, этномәдени бірлестіктер, студенттер, оқушылар мен елорда тұрғындары қатысады.

Алғашқы ірі іс-шараның бірі – 4 желтоқсанда сағат 17:00-де елордалық Достық үйінде өтетін Ethno Vision фестивалі. Онда Астанадағы этномәдени бірлестіктер өз өнерлерін көрсетеді. Фестиваль Қазақстандағы түрлі этностардың мәдениеті мен дәстүрінен хабардар болуға мүмкіндік береді. Ал 14 желтоқсанда Президент орталығында Қазақстан Тәуелсіздігінің 35 жылдығына арналған конференция өтеді. Одан бұрын, 10 желтоқсанда, яғни елорданы көшіру күні Tarlan Astana станциясында «Төрдегі төл тарих» көрмесі ашылады.

Тәуелсіздік жылдарында Астананың қалай өзгергенін 14-15 желтоқсанда Сервис және туризм колледжінде өтетін фотокөрмеден де көруге болады. Экспозицияда осы кезеңде қалада бой көтерген ескерткіштер тарихы мен олардың фотосуреттері ұсынылады.

Елорда театрлары мен концерттік алаңдары да мерекеге орай арнайы бағдарлама әзірледі. 11-12 желтоқсанда «Астана Балет» театры «Қыз Жібек» балетінің премьерасын өткізеді. 12 желтоқсанда сағат 17:00-де Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияда «Жан серігім домбыра» концерті өтеді. Көрермен алдында «Сарыарқа» халық музыка ансамблі мен дәстүрлі ән орындаушылары өнер көрсетеді. Сол күні сағат 18:00-де Qazaqconcert сахнасында Ұлы даланың тарихи мен музыкалық мұрасына арналған «Алтын Орданың музыкасы» атты мерекелік концерт басталады.

14 желтоқсанда «Алатау» спорт сарайында елорданың жас буын өкілдерін біріктіретін «Тәуелсіз елдің ұрпағымыз!» жастар фестивалі өтеді. Осы күні Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияда «Қазақстан Тәуелсіздігіне – 35 жыл: жаңа белес – жарқын болашақ» атты мерекелік концерт өтеді. 15 желтоқсанда М. Горький атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма театры «Абай: ғасырлар даналығының шыңы» атты музыкалық-поэтикалық композицияның премьерасын ұсынады. Қойылымға қазақтың ұлы ақыны әрі ойшылының шығармалары арқау болған. «НАЗ» мемлекеттік би театры «Қазақстан Тәуелсіздігіне 35 жыл» хореографиялық спектакль-концертін әзірледі. Ал елордалық филармония сахнасында «Шаншар» театры мерекелік бағдарламамен өнер көрсетеді. Әзіл мен жастар шығармашылығын сүйіп тамашалайтындар үшін осы күні сағат 20:00-де Бейбітшілік және келісім сарайында өтетін Jaidarman TOP жобасының финалдық ойыны өтеді.

Тәуелсіздік күні – 16 желтоқсанда елорданың театрлары, музейлері мен концерт алаңдары қала тұрғындары мен қонақтарына арнап мерекелік бағдарлама ұсынады. Сағат 12:00-де Құыршақ театры бүлдіршіндерге арнап «Алдар көсемен таныссың ба?» ертегісін ұсынады. Қойылым арқылы бүлдіршіндер қазақ фольклорындағы тапқырлығымен танылған Алдар көсенің қызықты оқиғаларына куә болады. Ал сағат 17:00-де Astana Opera театрында «Тәуелсіздік толғауы» атты мерекелік концерт өтеді. 18:00-де Әзірбайжан Мәмбетов атындағы Мемлекеттік драма және комедия театры аты аңызға айналған қазақ балуанына арналған «Қажымұқан» спектаклін ұсынады. 19:00-де Музыкалық жас көрермен театрында әйгілі композитор Шәмші Қалдаяқовтың шығармашылығына арналған «Шәмші» мюзиклі көрсетіледі.

Тағы бір маңызды мәдени іс-шара – Ұлттық музейде «Алтын Орда» көрмесінің ашылуы. Елордадағы балалар кітапханалары мен мектепке дейінгі мекемелерде «Тәуелсіздік – бала көзімен» тақырыбында көрмелер ұйымдастырылады. Байқоңыр ауданының Ардагерлер кеңесінде «Ұрпақтар сабақтастығы» атты тақырыптық кездесу өтеді.

Мәдени іс-шаралар легі 16 желтоқсанмен аяқталмайды. 18 желтоқсанда елордалық филармония «Ән шашу» концертін ұсынады. Кеш барысында ұлттық музыкалық мұрамыздың ажырамас бөлігіне айналған Нұрғиса Тілендиев пен Шәмші Қалдаяқовтың танымал шығармалары орындалады.

Тәуелсіздіктің 35 жылдығын мерекелеу аясында балалар мен жастарға да айрықша назар аударылады. Білім беру бағытындағы іс-шаралар тарихи оқиғаларды зерделеумен шектелмейді. Бағдарламаға өскелең ұрпақтың шығармашылық және зияткерлік әлеуетін дамытуға, ғылым мен заманауи технологияларға қызығушылығын арттыруға, сондай-ақ кәсіби тұрғыда өзін танытуына мүмкіндік беретін бастамалар енгізілген.

Мәселен, Балалар-жасөспірімдер туризмі және өлкетану орталығы оқушылар арасында «Отан жолымен» зерттеу жобалары байқауын өткізіп жатыр. Байқауға қатысушылар туған өлкенің тарихы мен мәдени мұрасына арналған зерттеу жұмыстарын ұсына алады. №38 мектеп-лицейінде еңбеккорлықты, кәсіби шеберлікті және еңбек адамдарына құрметті дәріптейтін «35 шебер керуені» көрмесі ұйымдастырылады.

3 желтоқсанда әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайында «Ұлы даланың жеті қыры» атты балалар суретінің байқауы өтеді. Ал 8-14 желтоқсан аралығында Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің филиалы студенттер арасында «Менің Тәуелсіз Қазақстаным» шығармашылық байқауын өткізеді. 10 желтоқсанда STUDENT UNITY жобасы аясында студенттік клубтар арасында пікірсайыс өтеді. 15 желтоқсанда «Білім парк» филиалында ROBOARENA робототехникадан қалалық жарысы өтеді.

Елордалық кітапханаларда да еліміздің тарихына, ұлттық әдебиетке және Қазақстанның Тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктеріне арналған арнайы тақырыптағы әдеби кештер, көрмелер мен кездесулер ұйымдастырылады. Бұдан бөлек, Сәкен Сейфуллин музейінде, «АЛЖИР» музей-мемориалдық кешенінде және Өнер музейінде «Қазақстан Тәуелсіздіктің 35 жылдық белесінде» атты музей марафоны басталады.

Мерекелік бағдарламаның 30-дан астам іс-шарасы спорт, әлеуметтік және экологиялық бағыттарға арналған. 8-12 желтоқсан аралығында «Аспан» спорт кешенінде жастар, кадеттер мен жасөспірімдер арасында кикбоксингтен республикалық турнир өтеді. 12 желтоқсанда «Сарыарқа» велотрегінде триатлоннан қалалық турнир, ал «Толқын» спорт кешенінде жалпы дене дайындығынан елорда чемпионаты болады. Сол күні шығармашылық зиялы қауым өкілдері – жазушылар мен журналистер арасында бильярдтан ерекше турнир ұйымдастырылады. 15 желтоқсанда Паралимпиадалық жаттығу орталығында таеквондодан ашық чемпионат өтеді. Мерекеге орай «Елорда» клубының спорттық жыл қорытындысы да жарияланады. Салтанатты рәсімде 2026 жылы елеулі нәтижелерге қол жеткізген спортшылар марапатталады.

Тәуелсіздік күні спорт іс-шаралары қаланың ашық кеңістіктерінде де өтеді. Мәселен, 16 желтоқсанда EXPO аумағындағы мұз айдынында жақын маңдағы тұрғын үй кешендерінен келген балалар арасында «Көңілді старттар» ұйымдастырылады. «Барыс» спорт кешенінде U13 және U16 жас санаттары бойынша командалар арасында шайбалы хоккейден Қазақстан чемпионаты өтеді. 16-19 желтоқсан аралығында «Барыс Арена» мұз сарайында Astana Open ашық турнирі өтеді. Ал 18-20 желтоқсан аралығында Qazaqstan жеңіл атлетика спорт кешенінде ел Тәуелсіздігінің 35 жылдығына арналған жеңіл атлетикадан Астана ашық чемпионаты ұйымдастырылады.

Елорда тұрғындары Тәуелсіздік мерейтойына арналған мерекелік іс-шараларға қалалық алаңдарда ғана емес, әлеуметтік желілер арқылы да қатыса алады. 1 желтоқсаннан бастап мерекелік ақпараттық науқан аясында «Менің Қазақстаным» онлайн-челленджін іске қосу жоспарланған.

Тағы бір бастама – «35 жылдан кейін» фотобайқауы. Жоба аясында қазақстандықтарға жеке және отбасылық мұрағаттарын ақтарып, 1991 жылы түсірілген фотосуреттерін тауып, оларды бүгінгі суреттерімен салыстырады. Сондай-ақ елордада «Тәуелсіздік куәгері» онлайн-челленджін іске қосу жоспарланған. Оған Қазақстанның тәуелсіздік алған күнін өз көзімен көріп, сол тарихи сәтті әлі күнге дейін жадында сақтаған тұрғындар қатыса алады. Сонымен қатар 16 желтоқсанда Есіл өзенінің жағалауында қала тұрғындары арасында «Тәуелсіздіктің 35 жылы: Қазақстанның жетістіктері, бірлігі мен болашағы» тақырыбында блиц-сауалнама өткізіледі.

Желтоқсан айында елордалық волонтерлер мен белсенді жастар дәстүрлі «Қамқорлық мекенжайлары» акциясына қатысады. Олар жалғыз тұратын қарттардың үйлеріне барып, аулаларының қарын күреп, ауласын ретке келтіруге және күнделікті тұрмыстық жұмыстарға көмектеседі. 15 желтоқсанда «Шарапат» әлеуметтік қызмет көрсету орталығында Қазақстан Қарулы күштерінің Ұлттық әскери-патриоттық орталығының қатысуымен «Тәуелсіздік – тірегіміз» атты концерт өтеді. «Жаңұя» орталығы театрландырылған қойылым, патриоттық әндер мен өлеңдер орындалатын мерекелік бағдарлама әзірлеп отыр. Ал «Қамқор» әлеуметтік қызмет көрсету орталығында «Тәуелсіздік белестері» атты әдеби куест ұйымдастырылады.

Елордада «35 игі іс» ортақ ұранымен экологиялық бастамалар да жалғасады. Жыл бойы осы бағытта ағаш отырғызу, абаттандыру және қала аумағын санитарлық тазарту акциялары өткізіліп келеді.

Айтулы күнге орай елорда көшелеріне мемлекеттік тулар ілініп, шағын сәулет нысандары мен тақырыптық баннерлер орнатылды. Мерекелік безендіру ғимараттардың қасбеттерінен, қалалық 3D LED-экраннан және алып шолу дөңгелегінен де көрініс тапты. Қала көркін мерекеге сай безендіруге сауда-ойын-сауық орталықтары да үлес қосып, олардың LED-экрандарынан Қазақстан Тәуелсіздігінің 35 жылдығына арналған бейнероликтер көрсетіліп жатыр. Қорыта айтқанда, елорданың айтулы күнге жоғары деңгейде дайындалғанын көре аламыз.

26 ҚАРАША 2026 | БЕЙСЕНБІ

Тынық мұхиттан Жерорта теңізіне дейінгі, одан әрі кетсек, Америка құрлығындағы гуманитария саласындағы ғалымдар мен ізденушілерді тоғыстыратын бір ғылым саласы бар.
Ол терең. Терең болатыны – тамыры бұдан талай ғасырлық тарихы бағзы замандарға тартады.
Ол қиын. Қиын болатыны – талай ғасырлық шежіре мен ескерткіштер тілі бүгінгі XXI ғасыр ұрпағы тұрмақ, өткен ғасырда зерттеудің классикалық үлгілері айқындалған заманда онымен айналысушылар саны саусақпен санарлық болды, себебі тарихи жадты қалпына келтіру оңай емес.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ТҮРКОЛОГИЯМЕН *сабақтастыра зерделеген* ҒАЛЫМ



Ол өміршең. Өміршең болатыны қатаң шектеу, жабық саясат заманында да онымен айналысушылар, оған қызығушылар буыны үзілмеді. Ал қазіргі кездегі ашық рухани кеңістік, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени интеграция, шекарасыз ақпараттық технология оның көкжиегін кеңейтіп, қарқынын арттыра түсті. Бұл сала – әрине, түркітану.

Қазіргі заманымыздың белгілі түркітанушысы,профессор Шәкір Ибраев «Түркология пәндерінің көш басында тіл білімі бастаған фольклор, әдебиет, тарих және этнография сияқты ғылым салалары орныққан... Ғажайып тас қашау жазуларды оқуға деген құштарлық алдымен түрік тілдерінің өткен тарихына, сосын бүгінгі ахуалына қызығушылық тудырды. Нәтижесінде түркология іс жүзінде тіл білімі ретінде қалыптасты. Бұл дәстүрдің дені әлі жалғасуда», – дейді. Расында да, әлемдік түркітану, кеңестік түркітану, қазақстандық түркітану деңгейінен қарағанда, өзге салалардан гөрі тіл білімінде осы саланы дамытуға үлес қосқан А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, Н.Сауранбаев, Ғ.Айдаров, Ә.Қайдар, Ә.Құрышжанұлы, Р. Сыздық, А. Аманжолов, Б. Сағындықұлы, Ж. Түймебаев, Е. Қажыбек, Ж. Манкеева және тағы басқа ғалымдардың есімі ерекше аталады. Бұл абыройлы істі орта буындағы замандастарымыз да жалғастырып келеді.

Қазақ тілі – сол түркологияның бір тармағы болғандықтан, тілдік категорияларды зерделеуде өз зерттеу нысанын бір тіл аясында ғана емес, тамыры терең түркі тілдерімен сабақтастыра қарастыратын зерттеушілеріміз де аз емес. Соның бірі – Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Тыныштық Ермекова. Қазақ тіл біліміне синтаксистің әйгілі сардарлары профессорлар Әбжаппар Аблақұлы дайындаған алғашқы ғылым кандидаты, Рақыш Әмір дайындаған алғашқы ғылым докторы ретінде танылған Тыныштық Нұрдәулетқызының түркология саласына қатысын санамалап айтқанды жөн көрдік.

Бірінші, ғылыми-зерттеу еңбектері бойынша. Т. Ермекова қазіргі қазақ грамматикасының маманы болғанымен, студент, аспирант кезінде білім алған әйгілі түркітанушы ғалымдар Ғұбайдолла Айдаров, Әбжан Құрышжанұлы, Сейілбек Исаев, Әбжаппар Әблақовтардың мазмұнды дәрістерін тыңдағандықтан болар, зерттеудің синхронды, диахронды әдістерін қатар пайдалана отырып, өзінің зерттеу тақырыбын тек қазіргі заман тұрғысынан емес, оның тереңіне бара білді. Айталық, кандидаттық диссертациясы – «Қазіргі қазақ тіліндегі есім баяндауыштар». Бұл еңбекте есім баяндауышты сөйлемдердің қалыптасып даму эволюциясы, осы мәселеге қатысты түркологиядағы көзқарастарды саралай келе, «Есім баяндауышты сөйлемдер – етістік баяндауышты сөйлемдердің даму эволюциясының нәтижесі» деген пікірдің біржақты екенін профессор Қ. Жұбанов, Н.Баскаков, А.Кононов бастаған ғалымдардың пікіріне және көне түркі жазбаларындағы нақты тілдік дәйектерді келтіре отырып, о баста түркі сөйлемдерінің есім негізді болғанын дәлелдейді. Еңбектің тағы бір жаңалығы: баяндауыштық тұлға ұғымына анықтама беріледі. Баяндауыш функциясын атқарып тұрған сөздің сыртқы морфологиялық құрамындағы көрсеткіштің бәрін баяндауыштық тұлға деп танитын жаңсақ пікірді ұстазы профессор С. Исаев «грамматикалық форма мен грамматикалық мағынаның сәйкестігі» қағидасына сала отырып, қолданыстағы оқулықтарда көрсетіліп жүргендей, атау, түбір тұлға да, тәуелдік, көптік, септік жалғауы да, тіпті -нікі, -дікі, - тікі тұлғасы да емес, жіктік жалғауы екендігін дәлелдеп шығады. Грамматикаларда берілетін есім баяндауыштар, оның грамматикалық тұлғасы, жұмсалымы мен классификациясына байланысты түркологияда қалыптасқан көзқарастарға талдау жасап, өзіндік жаңа тұжырымдар ұсынған еңбек. Монографияда есім баяндауыштардың қалыптасып, дамуы диахронды аспектіде талданса, түркітанудағы аталған мәселеге қатысты көзқарастар тарихи-салыстырмалы және сипаттамалы әдістер арқылы талданып, түркі сөйлемдерінің есім негізділігі дәйектеледі, баяндауыштық тұлға – сөздің морфологиялық құрылымындағы соңғы тұрған қосымшаның бәрі емес, тек сол сөзді баяндауыш функциясын атқаруға негіз болатын форма екені нақты мысалдармен дәлелденіп, есім баяндауыштардың классификациясы ұсынылды.

Құрмалас сөйлемдерге қатысты докторлық диссертациясында да құрмалас сөйлемдердің көне түркі ескерткіштеріндегі көрінісін, мұндай сөйлемдердің қалыптасып дамуына байланысты А. Рифтин, Ф. Корш, Э. Севортян, Н. Сауранбаев, А. Абдуллаев, Н. Гаджиева, тағы басқа ғалымдардың көзқарастарын салыстыра келе, құрмалас сөйлемнің даму эволюциясында «паратаксис – гипотаксис» бағытынан басқа да, сөйлем деңгейінде көрінетін синтаксистік деривация, синтаксистік трансформация құбылыстарының ықпалымен қалыптасатын түрлерінің бар екенін дәлелдейді.

Т.Ермекова өзі басқарған Қазақ тіл білімі кафедрасына түркологияға қатысты алғаш жоба ұтып алуымен, осы салада өзіне ізбасар шәкірттер тәрбиелеумен де көзге түсті. Оның қоржынындағы 13 жобаның екеуінің түркітануға тікелей, қалғанының жанама қатысы бар. Тікелей қатысты жобалары: халықаралық Түркі академиясында орындалған «Түркологиялық ақпараттық кеңістік: электрондық библиографиялық көрсеткіштер жүйесі», ҚР БжҒМ (2012-2014); «Мәдениеттер тоғысындағы қазіргі түркі тілдерінің сөзжасамы: өзара ықпалдастық және даму үдерісі» (2015-2017) тақырыбындағы іргелі жобалардың бірінің орындаушысы, бірінің жетекшісі ретінде зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Қазақстандық ғалымдарға Scopus, Thomson Reuters базаларына енетін халықаралық рецензияланатын журналдарға мақала жариялау туралы талап қойылғанда, алғашқы мақалаларында Т. Ермекова серіктес авторлармен бірге түркология мәселелерін көтерді. Сондай халықаралық рецензияланатын журналда жарық көрген мақаласының бірі «Орта ғасырлардағы түркі өркениетінің дамуындағы тарихи-лингвистикалық фактордың рөлі» деп аталады. Онда ғалым «әйгілі британ тарихшысы Арнольд Тойнби көрсеткен 12 өркениет тізбесінде неге түркі өркениеті жоқ? Өркениет өлшемі қандай болу керек?» деген сұрақтар қоя отырып, «өркениеттің басты өлшемдерінің бірі – жазу, жазба мұралар» деген тұжырымға сәйкес, ескі түркі дәуіріндегі көне түркі жазба ескерткіштерінен бастап, орта ғасырдағы жазба мұралар, орта ғасырлардағы қыпшақ тілінің халықаралық мәртебесі сияқты тарихи факторларды алға тарта отырып, өркениеттер тізбесінде түркілер өркениеті өзінің лайықты орнын алуы керек деген тұжырым жасайды.



Академиялық ұтқырлық бағарламасы аясында Түркия, Қытай, Қырғыз Республикасы, АҚШ, Венгрия мемлекеттерінен түрколог ғалымдар шақырып, студент, магистрант, докторанттарға олардың дәрісін тыңдатса, сол елдермен білімгерлер алмасу жұмысы да сәтті жүзеге асырылды.

«Дауысты дыбыстар үйлесімі – түркі тілдерінің негізгі фонетикалық ережесі (International Journal of Environmental and Science Education)» атты зерттеу мақаласында түрік тілдеріндегі маңызды фонетикалық ереже ретінде дауыстардың үйлесімділігі (сингармонизм) жан-жақты талданады. Мұнда түркі тілдеріндегі сингармонизмнің соңғы өзгерістері лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлармен байланыстырыла талданады. Қазақ, түрік және өзбек тілдеріндегі дауыстарды салыстыру арқылы нақты фактілер негізінде фонемалардың жалпы және жеке ерекшеліктері айқындалған. Дауыстылар үйлесімінің белгілері айқындалып, соған сәйкес классификациясы ұсынылады. Ғалымның түркологияға байланысты отандық басылымдарда жарық көрген мақалалары, симпозиумдар мен халықаралық конференцияларда сөйлеген сөздері, сондай-ақ өзге университет студенттеріне оқыған дәрістері де түркологияның өзекті мәселелеріне арналған.

Екінші, академиялық сала бойынша айтар болсақ, жалпы университеттегі кафедралар – білім беру, ғылыми-зерттеу және инновациялық дамудың басты орталығы және негізгі драйвері екені белгілі. Ұзақ жылдар бойына кафедра басқарған кезде Т. Ермекова білім бағдарламаларының мазмұнын жаңғыртып, магистратура, докторантура бойынша жаңа білім бағдарламаларын ашып, университеттегі 3 сатылы білім беру жүйесіне бірден өткен университеттегі алғашқы кафедралардың бірі болды. Магистратура мен докторантура бойынша «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім бағдарламаларының Мемлекеттік стандартының авторлар құрамында болды. Ұстазы түркітанушы профессор Әбжан Құрышжан айтқан: «Өзі зерттеу нысаны етіп алған тақырыбының тарихына, түркологиядағы тамырына бойламаған адамнан жақсы маман шығуына күмәнданам» деген қағидалы сөзіне сүйене отырып, университеттерге арналған бағдарламаларға түркітануға қатысты пәндер енгізіп, өзі автор болған мектеп оқулықтарына да түркі дүниесінің рухани құндылықтарын енгізе білді.

Сондай-ақ өзі дәріс берген «Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы», «Түркі тілдерінің даму үдерісі», тағы басқа пәндері бойынша оқу құралдары мен силлабустарын дайындаған. Елімізде және Қырғызстан, Әзербайжан, Қытай, Түркия, Израиль, Франция, Сингапур, Англия сияқты шетелдерде өткен халықаралық конференциялар мен симпозиумдарға, семинарларға қатысып, мазмұнды баяндама жасаумен бірге өзі де кәсіби шыңдалудан өтті.

Академиялық ұтқырлық бағарламасы аясында Түркия, Қытай, Қырғыз Республикасы, АҚШ, Венгрия мемлекеттерінен түрколог ғалымдар шақырып, студент, магистрант, докторанттарға олардың дәрісін тыңдатса, сол елдермен білімгерлер алмасу жұмысы да сәтті жүзеге асырылды.

Үшінші, қоғамдық-ұйымдастырушылық сала бойынша атқарған қызметі туралы да ауыз толтырып айтуға әбден болады.

Бүгінде Қыздар университеті әлемнің 60-қа жуық университетімен тығыз ғылыми-академиялық байланыс орнатқан десек, бұл жұмыста да профессор Ермекованың үлесі бар. Университет сайтындағы материалдарда көрсетілгендей, бұл ынтымақтастықтың мәні: «Келісімдер студенттер мен оқытушылар құрамының академиялық ұтқырлық, қос дипломды білім беру бағдарламасы бойынша студенттерді оқыту, жетекші ғалымдардың қонақ дәрістерін, сонымен қатар шетелдік ғалымдарды тарту бағдарламасы бойынша PhD докторанттары мен магистранттарын шақыру, бірлескен ғылыми-зерттеулерді жүргізу, докторанттар үшін ғылыми тағылымдамалар және тағы басқа мәселелерін қарастырады», – дегенге саяды. Аталған университеттердің ішінде, әсіресе бір университетпен ерекше бауырластық, тығыз байланыс бар екенін түгел түркі жұрты біледі десек артық болмас. Ол – Түркияның Нигде Омер Халисдемир университеті. Ұстаздар мен білімгерлердің академиялық ұтқырлығы, шетелдік тағылымдама, бірлескен жобалар және жыл сайын түркі мемлекеттерін аралай, дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын халықаралық симпозиум. Ал осы байланыстың басы-қасында профессор Тыныштық Нұрдәулетқызы болғанын бүгінде біреу білсе, біреу білмес. Филология факультетінің шетел тілі мамандығы студенттеріне тегін (Түркия елшілігі қаржыландыратын) сабақ үйретіп жүрген Енвер Қапаған мырзаға барып: «Кафедрамыздың шетелмен байланысын орнатуымыз керек еді, қай университеттен келген едіңіз?» деген сұрақ сол кездегі екі университет басшылары Динар Нөкетаева мен Аднан Гөрер бейдің қосжақты меморандумына ұласып, күні бүгінге дейін сәтті жалғасын тауып келеді. Сол жылы кафедра профессорлары Жарқынбике Сүлейменова мен Гүлмира Абдирасилова Нигде университетіне аттанып, қызмет етіп, бұл байланыстың тереңдей түсуіне ықпал етті. Бұл байланыс халықаралық симпозиумға ұласып, жалғасын тауып келеді. Сол кезден бастап үзілмей келе жатқан қағиданың бірі – симпозиумға жауапты университет «Түбі бір түркіміз» фестивалін өткізеді. Профессор Ермекова басқаратын қазіргі қазақ тілі білімінің теориясы мен әдістемесі кафедрасының ұстаздар қауымы мұрындық болған фестивальдың қазіргі кезде форматы сәл өзгергенімен, мазмұны сақталып келе жатқанын айтқанымыз абзал. Бұл фестиваль әншейін ән-күй, би бағдарламасы емес, бұл сол университеттің келген қонаққа құрметі, түбі бір түркі бабаларымызға тағзым, шын мәнінде, түркі бірлігін айшықты насихаттап, рухты көтеріп, санаға сілкініс жасайтын сәтті компоненті.

Профессордың ғылымды ұйымдастырудағы тағы бір нәтижелі еңбегі – Филология білім бағдарламасы бойынша ашылған Диссертациялық кеңес төрағасы ретінде кеңестің шетелдік мүшесі, докторанттарға шетелдік кеңесші тағайындау ісіне де белсенділігін айтуға болады.

Университеттің материалдық-техникалық базасын жақсартуды студенттің сапалы білім алуының құрамдас бөлігі деп санайтын Т. Ермекова өзі кафедра, факультет басшысы болған уақытта түркітануға, қазақ тіл білімі мен руханиятқа еңбегі сіңген тұлғаларға (А.Байтұрсынұлы, С. Исаев, Ә.Құрышжанұлы, Ә. Аблақов, Р. Сыздық, Ш. Беркімбаева) арналған атаулы кабинеттердің ашылуына да өз үлесін қосты.

Қорыта айтқанда, профессор Ермекованың 40 жылға жуық орта мектептен бастап жоғары оқу орнына дейінгі аралықта отандық білім беру саласына, түркітану, оның ішінде қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі қолданысына, қазақ лингвистикасының дәстүрлі бағыттарына да, жаңа бағыттарына да қалам тартып, тіл білімінің теориялық және қолданбалы мәселелерін қатар зерделеп, ұлттық ғылымның өрісін кеңейтудегі еңбегі зор. Оның зерттеулері ұлттық тілтанымның теориялық негіздерін нығайтып қана қоймай, цифрлық дәуірдегі қазақ тілінің дамуына, жаңа технологиялармен ықпалдасуына және халықаралық ғылыми қауымдастықтағы бәсекеге қабілеттілігінің артуына маңызды үлес қосып келе жатқанын айрықша айтқымыз келеді.

Кәрімбек ҚҰРМАНӘЛИЕВ,
Президент жанындағы Ұлттық ғылым академиясы Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры, академик

КӨКЖИЕК

26 ҚАРАША 2026 | БЕЙСЕНБІ

ШЕҢБЕРГЕ СЫЙҒАН ШЕКСІЗДІК

(Басы 1-бетте)

Еркебұлан НҰРЕКЕШ



Жалпы, көшпенділердің қолөнер мәдениеті тым тереңнен тамыр тартады. Алтын өңдеу техникасын меңгерген сақтар аң стилін дүйім дүниеге танытса, қара темірді қамырша илеген түркілер ежелгі металлургияны дамытқан. Жиырмасыншы ғасырдың алғашқы ширегіне дейін көшпелі өмір салтын ұстанған қазақтар бұл дәстүрді ілгері жылжытты. Әсіресе киелі киіз үй дала өркениетінің өзегіне айналды. Ондағы сүйектен, ағаштан, киізден, шиден, неше түрлі шикізаттан жасалған жасау-жабдықты ғажайып ақыл-ойдың нәтижесі деп қабылдасақ, еш қателеспейміз.

Киіз үйдің нақты қашан пайда болғанын тап басып айту қиын. Әзірше ең көне дерек біздің заманымыздан бұрынғы үш мыңыншы жылдардан, қола дәуірінен белгі береді. Мұны Алтай тауларындағы, Сібірдің Баяр жартасындағы, Қырымның жақпар тастарындағы петроглифтер аңғартады. Ең көне материалдық айғақтарды Алтайдағы Пазырық, Моңғолиядағы Ноинулин қорғандарында сақталған киіз үлгілері әлемге әйгілеген. Ал ең көне жазба мәлімет грек тарихшысы Геродоттың скифтер жайлы еңбегінде бар. Ежелгі үйсін ханына ұзатылған Қытай императорының қызы Шиджүннің сағыныш жырында:

«Дөңгелек үй, туырлық – там орнына,
Ет жеп, айран ішеді ас-суына», –

деген сөздер ұшырасады. Византия елшісі Земарх, кейінгі Плано Карпини, Рубрук, Ибн-Батута сияқты саяхатшылардың жазбасында 40 өгіз сүйреп жүретін алып арбаның үстіне тігілген ақ ордалар суреттеледі. Тарих ғылымдарының докторы, профессор Ұлан Үмітқалиев киіздің көшпелі тұрмыста қола дәуірінен бастап қолданылғанын айтады.

– Мәселен, Шығыс Қазақстандағы археологиялық қазбалар кезінде жерленген адамның астына төселген киіз табылды. Бұл киіздің шамамен төрт мың жыл бұрын да болғанын дәлелдейді. Киіз – көшпелі өмір салтының ажырамас бөлігі. Көшпенділер қой мен жылқыны тіршілігіне тиімді пайдаланды. Жылқыны көлік қылып мінсе, қойдың жүнінен киіз басып, тұрмысқа қажетті бұйымдар жасады. Сонымен қатар біздің жеріміздегі қола дәуірі тайпалары кен байлығын игеріп, металлургиямен айналысқан. Осы кәсіптердің дамуы олардың көшпелі өмір салтына ойысуына ықпал етті, – дейді ғалым.

Қазақ әр жабдықтың қадір-қасиетін жақсы білген. «Есігің – есің, босағаң – сесің, табалдырық – тәубең, маңдайша – мәртебең, шаңырақ – пірің, туыс – керегең, төр – дәрежең, ошағың – ырыс, түтінің – тыныс, белдеуің – қорған, түндігің – тегің, туырлық – елің, уығың – ерің, осының бәрін көтерер – піл сауырлы қара жерің» деп тұжырым түйген. Осы жүздеген бөлшек бір-бірімен жымдасқан кезде біртұтас сәулет туындысын құрайды. Киіз үйдің құрылымына көз жүгіртсек, бірде-бір шеге қағылмайтынын байқаймыз. Оның жабдықтары тек ағаш, қайыс, қыл арқан, киізден ғана жасалады. Геометрия талаптары да қатаң ескеріледі. Мысалы, уықтың біртіндеп иіліп келуі парабола заңымен дәлме-дәл сәйкессе, күмбез тәрізді пішіні тепе-теңдікті сақтап, пропорциялы формасы үйдің дизайнын үйлестіре түседі.

– Шаңырақтың өзі шеңберленіп келіп, ортасына шыбықтар орнатылады. Ата-бабамыз сол күлдіреуіштен күннің көзін көріп отырған. Күннің шығуы мен батуын бақылап, уақытты белгілеген. Айға қарап та жорамал жасаған. Сонымен қатар шаңырақ мұржа қызметін де атқарған. Жалпы, шаңырақ деген қазақ халқы үшін өте қасиетті ұғым ғой. «Шаңырағың биік болсын» деген тілек осы түсініктен туындаған, – дейді PhD докторы.

Киіз үйдің тұрмысқа икемділігі сонша, оны кішірейтіп немесе үлкейтіп, тіпті бір-біріне қосып, екі-үш бөлмелі етіп тігуге болады. Туырлықтан жазда ыстық, қыста суық, жауын-шашында су өтпейді. Киіз үйдің қақ ортасына диаметрі бір метрдей ошақ орнатылады. Іргесі шөппен бітеліп, жан-жағы қамыспен қоралана-ды. Күндіз керегеден ескен самал жел ашық түндіктен айналып шығып, үздіксіз ауа алмасып тұрады. Уақытша тұрақ болғандықтан, киіз үй экологияға да пайдалы: жердің отын тоздырмайды, өсімдіктерді бүлдірмейді.

– Киіз үй көшпелі өмір салтына барынша бейімделген. Бұрышсыз, дөңгелек пішіні желге төзімді болуына көмектеседі. Оның жылуды сақтау ерекшелігі де бар. Физика заңдылығы бойынша ыстық ауа жоғары көтеріледі. Мәселен, ошақтағы оттың түтінін шығару үшін алдымен түндік ашылады. Оттың шоғы қызғанда түндік жабылады. Сонда жоғары көтерілген жылу киіз үйдің ішіне біркелкі тарап, жылуды сақтауға мүмкіндік береді. Жылу бар жерде жарық бар, жарық бар жерде жақсылық та көп болады ғой, – дейді Ұлан Үмітқалиев.

Киіз үйде малдас құрып отырған әрбір пендені шексіз әлем туралы ойлар толғандырады. Себебі халқымыз шаңырақты – аспанға, күлдіреуішті – төрт тарапқа, уықтарды – күн сәулесіне, керегені көкжиекке балаған. Қысқаша қайырсақ, киіз үй ғаламның кішкентай моделі іспетті. Мұндағы кеңістік – қазақтың бүкіл дүниетанымы тоғысқан жер. «Ғарышқа ұқсайтын баспана» деген ғылыми анықтауышты көшпенділердің өзі емес, мүлдем киіз үй тікпеген, төрт бұрышты тас тамда өмір сүрген батыс зерттеушілері айтқан. Шынында да, түндігі ашылып, іргесінен түнгі самал ескен отауда шалқасынан түсіп жатқан адам зеңгір көкте ай-жұлдызбен сырласқандай күй кешері ақиқат.

– Киіз үйдің ішінде ұйықтағанда, әсіресе жазда түндікті ашып қоямыз ғой. Сонда шаңырақтың ортасындағы төрт бөлік төрт құбыланы көрсетіп тұрады. Көшпенділер шығыс, батыс, солтүстік, оңтүстікті сол арқылы бағдарлаған. Аспан әлемін де шаңырақтан шолған. Мысалы, Үркер жұлдызының көтерілуіне қарап уақытты межелеген. Шолпан жұлдызына қарап таң атып келе жатқанын білген. Жетіқарақшының аударылуына қарап түн мезгілін анықтаған. Бұл – бүкіл дөңгеленген дүниені бақылау деген сөз. Сондықтан киіз үйді дала обсерваториясы деуге болады, – дейді Ұлан Үмітқалиев.

Әрине, қазақ қана емес, қырғыз, моңғол, ойрат, қарақалпақ, түрікмен, тува, хакастар да киіз үйде ғұмыр кешіп, киіз туырлықты, ағаш уықты жұрт атанған. Моңғолияның малшы қауымы әлі күнге дейін «мұңғұл гэр» деп аталатын ықшам әрі жылы баспанада тіршілік етеді. Алайда әр ұлттың салт-сана, наным-сенім, болмыс-бітіміне сай киіз үйлерінде айырмашылық бар. Осыны ескерген ғалымдар көшпенділер тұрағын сипатына қарай «қазақ үй» және «моңғол үй» деп екіге жіктейді де, оларды «үй ағаштарының жасалуы ұқсамайды; жамылғысының пішіліп, жабылуы ұқсамайды; сыртқы пішіні ұқсамайды; бау-шу, өрнектері, ішкі жиһаздалуы ұқсамайды» деп төрт бөлікке жинақтайды.

ТҮЙІН:

Қара түгіл қаһарлы ханның өзін есігінен еңкейтіп кіргізген киіз үйдің дөңгелек пошымында үлкен мағына жатыр. Қазақтың өмір сүру қағидасы текетірестерді айналып өтіп, мәміле жасауға, ортақ іске бірдей жұмылып, бейбіт қарым-қатынас құруға негізделген. Конфликтология саласында бұл ұстаным «үшкір бұрыштары жоқ философия» деп аталады. «Біз – қазақ мал баққан елміз, ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз, досымызды сақтай білген елміз, дәмі-тұзын ақтай білген елміз» деген ата-бабамыз да бұрышы жоқ киіз үйде өсіп-өнген. Батыс пен Шығыстың қақ ортасында, өркениеттердің тоғысқан торабында отырған Қазақстан Елтаңбасына шаңырақ пен уық бейнесі бекер таңдалмаса керек.

ЖАҢА КІТАПХАНА – ОҚЫРМАННЫҢ ОРДАСЫ



Сыр шаһарында 600 мың кітап қорын сақтауға арналған заманауи Президенттік кітапхана бой көтермек. Тәулік бойы жұмыс істеуге бағытталған жаңа нысан өңірдің мәдени-рухани өміріне тың серпін береді деп күтілуде. Алайда жаңа ғимараттың мүмкіндігі балалар мен жасөспірімдердің кітап оқу мәдениетін қалыптастыруға қаншалықты ықпал етеді? Жаңа рухани орталық жеке балалар кітапханасына деген қажеттілікті өтей ала ма?

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

ҚҰРЫЛЫС ҚАРҚЫНЫ ҚАЛАЙ?

2026 жылдың алғашқы айында Сыр өңірінде өткен Ұлттық құрылтайда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев кітапхана саласын дамыту мәселесіне ерекше тоқталған болатын. Соның негізінде Қызылорда қаласынан Астана мен Алматы қалаларына арналған жоба негізінде Президенттік кітапхана үлгісіндегі заманауи кітапхана ғимаратын салу жобасы әзірленгені мәлім.

Қазір Қызылорда қаласында Президенттік кітапхана үлгісіндегі заманауи нысанның орналасу аумағы нақтыланып, құрылыс жұмыстарының алғашқы сатысы басталды. Жалпы ауданы 13 мың шаршы метр болатын бірегей жобаның жалпы құны 20 миллиард теңгеге бағаланып отыр.

Өз кезегінде жаңа кітапхананың қазіргі жайы мен алдағы жоспарлары төңірегінде Әбділда Тәжібаев атындағы Қызылорда облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы басшысының орынбасары Айгүл Жанғабыловадан сұрап көрдік. Оның айтуынша, Қызылордада заманауи үлгідегі жаңа кітапхана салу бастамасы уақыт талабынан туындаған маңызды міндет саналады.

«Бүгінде кітапхана білім мен ғылымның, мәдениет пен шығармашылықтың тоғысқан орталығына айналып тұр. Соған сәйкес, заманауи кітапхана оқырманға дәстүрлі кітап қорымен қатар электронды ресурстарды пайдалануға, ғылыми ізденіспен айналысуға, пікір алмасуға және шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік беруі тиіс.

Осы тұрғыдан алғанда, Қызылордадан Президенттік кітапхана үлгісіндегі нысанның ірге қалауы облыстың мәдени инфрақұрылымын дамытуға қосылған үлкен үлес деп есептеймін. Әсіресе жаңа нысанда заман талабына сай жабдықталған балалар мен жастарға арналған кеңістіктердің, электронды оқу залы мен заманауи зертханалардың қарастырылуы көңіл қуантады. Бұл жас ұрпақтың кітап оқуға қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың жаңа технологияларды меңгеруіне де жол ашады.

Ең бастысы, жаңа кітапхана мазмұны бай, кітап қоры үнемі жаңарып отыратын, білікті мамандар жұмыс істейтін, оқырман үшін тартымды рухани орталыққа айналатынына сенім зор», – дейді Айгүл Есенқызы.

Мәліметке сәйкес, кітапхана құрылысына Президент саябағы аумағынан 3 гектар жер телімі бөлінген. Ғимарат цокольді қабатымен қоса есептегенде, төрт қабатты құрайды. Жалпы 600 мың кітап қорын сақтауға арналған рухани орталықта 400 мың кітап, 100 мың мерзімді басылым және ноталар, карталар, диссертациялар, авторефераттар секілді 100 мың түрлі басылым болады деп жоспарланып отыр.

Сонымен қатар жаңа кітапханада оқырмандарға арналған 18 зал қарастырылған. Олардың қатарында 200 орындық оқу залы, кітап көрмесі мен галерея, ғылыми-зерттеулер, әлем әдебиеті, өнер әдебиеттері, сирек кітаптар мен қолжазбалар залдары, балалар әдебиеті бөлімі, электронды оқу залы, коуоркинг орталығы, Media Lab және подкаст студиясы бар. Сондай-ақ 200 орындық конференц-зал, мәжіліс залы, құжаттарды қалпына келтіру және баспа өнімдерін әзірлеу зертханалары, 17 қызметтік кабинет орналасады. Media Lab пен подкаст залында заманауи бағдарламалар әзірлеу және жасанды интеллект бағытында жұмыс жүргізу мүмкіндігі қарастырылған.

Ең бастысы, тәулік бойы жұмыс істейтін кітапхана жылына 50 мың оқырманға қызмет көрсетеді деп күтілуде. Нысанды пайдалануға беру 2027 жылға жоспарланған.

ҚАЙТА ОРАЛҒАН ҚУАНЫШ

Тарихқа көз жүгіртсек, 1997 жылы экономикалық және әлеуметтік қиындықтарға байланысты Қызылордада облыстық балалар кітапханасы мен Н.Островский атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасы өз жұмысын тоқтатқаны мәлім. Кейіннен бұл қос кітапхана Әбділда Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасына біріктірілді. Содан бері Сыр өңірінің кішкентай оқырмандарына кітапханалық қызмет көрсету осы мекеменің арнайы бөлімі арқылы жүзеге асырылып келеді.

Әбділда Тәжібаев атындағы Қызылорда облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы балалар бөлімі меңгерушісі Маржанкүл Айгисинованың айтуынша, алдағы уақытта жаңа заманауи кітапханадан балаларға арналған орталық жұмысын үйлестіру назардан тыс емес. Заман талабына сай жабықталатын жаңа нысанда балаларға арналған кеңістіктің қарастырылуы құптарлық бастама екенін алға тартады.

«Баланың кітапқа деген қызығушылығы кішкентай кезінен қалыптасады. Сондықтан кітапхана ең алдымен балаға жайлы, қызықты әрі танымдық орта болуы керек. Қазір біздің бөлімде бүлдіршіндерден бастап жасөспірімдерге дейінгі оқырмандарға қызмет көрсететін төрт зал жұмыс істейді. Атап айтқанда, «Балдырғандар залы», оқу залы, балалар абонементі мен «Еркетай» ойын-сауық алаңы арқылы жас жеткіншектерді кітап әлеміне тартуға тырысамыз. Сонымен қатар түрлі жоба мен үйірме ұйымдастырып, балалардың шығармашылық қабілетін дамытуға көңіл бөлеміз. Биылдың өзінде кітапхана іргесіндегі балалар бөлімінде 90 іс-шара өткізіліп, оған 3 295 бала қатысты. Бұл – балалардың кітап оқуға, танымдық шараларға қызығушылығы бар екенін көрсетеді. Жалпы, келешекте жаңа кітапхана іргесінен де осы бағыттағы жұмыстарды жаңа деңгейге көтеруді мақсат тұтып отырмыз», – дейді Маржанкүл Тұрғынбайқызы.

Шынында да, облыстық кітапхана жанындағы балалар бөлімі жас оқырмандармен жүйелі жұмыс жүргізуге мүмкіндік беріп отыр. Оның ішінде түрлі әдеби-танымдық кездесу, шығармашылық үйірмелер мен ойын-сауық шаралары балалардың кітапханаға деген қызығушылығын арттыруға септігін тигізіп тұрғаны байқалады. Алайда мәселенің екінші қыры бар.

Негізінен, балалар мен жасөспірімдердің кітап оқуға деген талғамы, ақпарат қабылдау ерекшелігі мен танымдық сұранысы ересектерден өзгеше. Сондықтан олармен жұмыс істеудің өзіндік әдістемесі, арнайы әдеби қор мен тұрақты бағдарламалар қажет. Бұл ретте дербес балалар кітапханасының мүмкіндігі әлдеқайда кең екенін көпшілік жоққа шығармайды.

Осы тұста өңірде арнайы бөлім мен дербес балалар кітапханасының қажеттігі әлі де сезіліп тұрғаны жасырын емес. Өйткені жеке мекеме ретінде жұмыс істейтін кітапхана балалар әдебиетін жинақтауға, жас ерекшеліктеріне қарай оқу бағдарламаларын әзірлеуге, шығармашылық ортаны қалыптастыруға және аудандық кітапханаларымен байланыс орнатуға кең мүмкіндік туғызар еді.

Қалай дегенде де, 1997 жылдан бері шешімін таппай келе жатқан бұл мәселені қайта қарастыратын уақыт жеткен сияқты. Жаңа кітапхана бірінші кезекте өңірдің рухани кеңістігін кеңейтуге берілген үлкен мүмкіндік. Ендеше осы мүмкіндікті балалар әдебиетін дамытуға, жас оқырманның талғамына сай дербес балалар кітапханасының жұмысын жаңғыртуға бағытталған нақты бастамалармен толықтыру қажеттігі өздігінен сұранып тұр.

Стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есептің қамту саласын айқындау үшін құжаттарды жолдау туралы ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 56-бабының 2-тармағына сәйкес, Стратегиялық экологиялық бағалауды (бұдан әрі – СЭБ) жүргізу үшін Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігіне (бұдан әрі – ЭТРМ) мынадай құжаттар (бұдан әрі – СЭБ материалдары) жолданды:.

– «Қостанай облысы Қостанай қаласының бас жоспары.Түзету» жобасына (негізгі бағыттар мен іске асыру мерзімдері туралы ақпаратты қоса алғанда) түсіндірме жазбасы;

– Қостанай қаласының бас жоспары (схема);

– «Қостанай облысы Қостанай қаласының бас жоспары.Түзету» жобасына қатысты СЭБ есебін қамту саласын айқындау.

Қоршаған ортаға әсерді стратегиялық бағалау (ҚОӘСБ) құжаттамасын әзірлеуші: «ҒЗЖИ «Астанабасжоспары» ЖШС.

СЭБ құжаттамасына тапсырыс беруші: «Қостанай қаласы әкімдігінің сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ.

СЭБ әзірлеуге жауапты тұлға: Қостанай қаласының әкімдігі.

СЭБ материалдары бойынша қорытынды беруге уәкілетті орган: Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі.

Жұртшылықты (азаматтар мен заңды тұлғаларды) келесі сұрақтар бойынша өз ескертулері мен ұсыныстарын білдіруге шақырамыз:

1. Қостанай қаласының ерекшеліктерін ескере отырып, стратегиялық экологиялық бағалау есебінде қандай қоршаған орта аспектілерін (мысалы: ауа, су, топырақ, биоалуантүрлілік, климат, шу, ландшафт, мәдени мұра және т.б.) міндетті түрде қарастыру қажет деп санайсыз? Таңдауыңызды негіздеңіз.

2. Бас жоспарды түзету кезінде қандай ықтимал әсер түрлерін (тікелей, жанама, жиынтық, қысқа/ұзақ мерзімді, тұрақты/уақытша) маңызды деп санайсыз? Себептерін көрсетіңіз.

3. Сіздің ойыңызша, СЭБ есебінің қамту саласына енгізілуі тиіс деп санайтын әлеуметтік, экономикалық немесе басқа аспектілер (мысалы: халықтың денсаулығы, өмір сапасы, халықтың осал топтарының жағдайы) бар ма?

4. СЭБ кеңістіктік шекараларын анықтау кезінде қаланың ішінде немесе оның сыртында қандай аумақтарды (мысалы: ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, су қорғау аймақтары, ластану деңгейі жоғары аумақтар және т.б.) ескеру қажет деп санайсыз?

5. СЭБ есебін дайындаудың келесі кезеңдеріне тартылуы тиіс дереккөздер, бағалау әдістемелері, мүдделі тараптар бойынша ұсыныстарыңыз бар ма?

Стратегиялық құжаттың қолданылу мерзімі: 2026–2040 жылдар.

Уәкілетті орган: Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі.

Ескертулер мен ұсыныстарды ұсыну мерзімі: 2026 жылғы 18 желтоқсанға дейін (пікірлер мен ұсыныстарды берудің соңғы күні – 2026 жылғы 18 желтоқсан).

Байланыс ақпараты:

Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі.

Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 8, Экологиялық саясат департаменті.

Тел.: 8 (7172) 74-02-83.

E-mail: b.zhartybaeva@ecogeo.gov.kz.

Пікірлер мен ұсыныстарды министрліктің кеңсесіне электрондық пошта арқылы жазбаша түрде жіберуге болады. E-mail: k.kense@ecogeo.gov.kz.

Құжаттарыңыздың кеңсеге келіп түскенін нақтылау үшін телефон арқылы міндетті түрде тексеріп алуыңыз керек. Тел.: +7 7172 74-08-44.

СЭБ (қамту саласын айқындау үшін) материалдары орналастырылған:

– ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында («Қызмет» бөлімі – «Негізгі құжаттар» – «Стратегиялық экологиялық бағалау» бөлімі).

– Қостанай қаласы әкімдігінің сайтында: gov.kz/org/kostanai-kalasy-akimat/documents/details/1104080?lang=kk.

SPORT STYLE



ТАТАМИ ШЫҢДАҒАН СПОРТШЫ

Алты жасында алғаш рет татамиге шығып, тоғыз жасында әлем кубогын жеңіп алған Қаусар Естеусіз бүгінде мұхиттың арғы жағында қазақ спортшыларының атын танытып жүр. Жамбыл өңірінде спорттық шеберлігін шыңдаған каратэші халықаралық додаларда ел намысын қорғап, Азия чемпионы атанды. Қазір АҚШ-та тұратын жерлесіміз спорттық мансабын төрешілік қызметпен ұштастырып, жаңа белестерді бағындыруға бет алды.

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Спортшы үшін әр жарыстың өзіндік орны бар. Бірі үлкен спортқа жол ашса, енді бірі жинаған тәжірибеңді таразылап, өз мүмкіндігіңді бағалауға көмектеседі. Қаусар Естеусіз үшін Нью-Йорктегі кезекті турнирдің маңызы ерекше болды. Бұл жолы ол татамиде қарсыластарымен күш сынасып қана қоймай, төреші ретінде де жауапкершілік арқалады. Биылғы NYC Queens Karate Championship жарысына 228 спортшы қатысқан. 18-34 жас аралығындағы әйелдер арасында кумите бағдарламасы бойынша бақ сынаған Қаусар екі жекпе-жек өткізіп, қос кездесуінде де қарсыласынан басым түсті.



Кумите – каратэнің спортшыдан жылдамдықты, ұтқырлықты, төзімділік пен тактикалық сауаттылықты қатар талап ететін бағыты. Мұнда қарсыластың әр қимылын қалт жібермей, санаулы секунд ішінде дұрыс шешім қабылдай білу – маңызды. Кейде бір ғана сәтсіз әрекет бүкіл кездесудің нәтижесіне әсер етеді. Сондықтан физикалық дайындықпен қатар спортшының психологиялық тұрғыдан да мықты болуы қажет. Дегенмен бұл жолы отандасымыздың міндеті жеңіс тұғырынан көрінумен шектелген жоқ. Турнир қарсаңында төрешілік емтиханынан өткен Қаусар жарыстың өзге санаттарындағы жекпе-жектерді бағалауға мүмкіндік алды. Өзі де жарысқа қатысып жүрген спортшы үшін төрешілік қызмет каратэнің бұрынғыдан өзге қырын тануға жол ашқан.

– Турнир алдында төрешілік емтиханынан өтіп, барлық санаттағы жекпе-жектерді бағаладым. Бір жарыста әрі спортшы әрі төреші болу – үлкен жауапкершілік. Себебі татамиге шыққанда жеңіске жетуге бар күшіңді салсаң, төреші ретінде әр шешіміңе мұқият болуың керек, – дейді Қаусар.

Бала күнінен спортқа ден қою оңай емес. Қатарластары ойын қуып жүрген шақта күнделікті жаттығуға бару, бапкердің тапсырмасын орындау, жарысқа дайындалу жас спортшыдан тәртіп пен төзімділікті талап етеді. Кейіпкеріміздің кейінгі жетістіктерінің негізі де осы жылдары қаланды. Каратэмен шұғылдана бастағанына үш жыл толғанда ол халықаралық аренада алғашқы ірі жеңісіне қол жеткізді. Тоғыз жасында Грузияның Батуми қаласында шотокан каратэсінен өткен әлем кубогына қатысып, чемпион атанды. Аталған жарыста әлемнің 20 елінен келген 800-ден астам спортшы бақ сынаған.

Спортшы қыз осыдан бес жыл бұрын Азия чемпионатында кадеттер арасында 47 келіге дейінгі салмақта алтын медаль иеленді. Құрлықтық додадағы жеңіс оның өз жас санатындағы мықты спортшылардың қатарынан көрінуіне мүмкіндік берді. Ал 2022 жылы Түркияның Конья қаласында Дүниежүзілік каратэ федерациясының (WKF) ұйымдастыруымен өткен әлем чемпионатында ел атынан өнер көрсетті. Сол жылы халықаралық дәрежедегі спорт шебері атағына ие болды. Оның Түркиядағы әлем чемпионатына жолдама алуына елордада өткен халықаралық рейтингілік турнирдегі жеңісі сеп болды. Жамбыл облысының Дене шынықтыру және спорт басқармасының мәліметінше, 2022 жылдың 26-29 тамызында ұйымдастырылған II NUR-SULTAN CUP жарысында Қаусар 48 келіге дейінгі салмақта алтын медаль жеңіп алған. Сол турнирдің қорытындысы бойынша Жамбыл облысының бес спортшысы әлем чемпионатына жолдама иеленсе, олардың қатарында Қаусар да болды. Сөйтіп, қазақ қызы аз уақыттың ішінде республикалық жарыстардан халықаралық деңгейге көтерілді. Әр елдің спортшыларымен кездесіп, түрлі каратэ мектептерінің өкілдерімен күш сынасуы оның өзіндік жекпе-жек мәнерін қалыптастыруына ықпал етті.



Қаусардың спорттық мансабындағы айтулы жетістігінің бірі – Хорватиядағы халықаралық турнирде топ жаруы. 2023 жылы Пореч қаласында өткен Karate1 Youth League – Porec 2023 жарысына әлемнің 72 елінен 3 275 спортшы жиналды. Қазақстан атынан аталған додаға 20 каратэші қатысып, олардың жетеуі жүлдегер атанды.





Қаусардың спорттық мансабындағы айтулы жетістігінің бірі – Хорватиядағы халықаралық турнирде топ жаруы. 2023 жылы Пореч қаласында өткен Karate1 Youth League – Porec 2023 жарысына әлемнің 72 елінен 3 275 спортшы жиналды. Қазақстан атынан аталған додаға 20 каратэші қатысып, олардың жетеуі жүлдегер атанды. Ерекше атап өтерлігі, Қазақстан құрамасының қоржынына түскен жеті медальдің жалғыз алтынын Қаусар Естеусіз жеңіп алды. 48 келіге дейінгі салмақта өнер көрсеткен жерлесіміз өз санатында үздік атанып, ел құрамасының табысты өнер көрсетуіне үлес қосты.

Әдетте, спортшының жетістігін медаль санымен өлшейтініміз рас. Алайда әр жүлденің артында көпшілікке көріне бермейтін еңбек, ұзақ дайындық, сәтсіздіктер мен қайта еңсе көтерген сәттер жатады. Қаусар да өзінің спорттық жолында жеңілістің аз болмағанын жасырмайды. Керісінше, ол сәтсіз өткен кездесулердің кәсіби тұрғыдан өсуіне көмектескенін айтады.

– WKF рейтингі бойынша сегіз халықаралық турнирде 28 жекпе-жек өткіздім. Оның 21-інде жеңіске жетіп, жетеуінде жеңілдім. Бірақ әр жеңілістен сабақ алдым. Әр жарыс – өзімді шыңдаудың мүмкіндігі. Кейде жеңілістің өзі келесі жеңіске бастайтын маңызды тәжірибе болады, – дейді ол.

Спортшының бұл көрсеткіші халықаралық рейтингілік жарыстардағы кездесулерінің 75 пайызында жеңіске жеткенін аңғартады. Дегенмен Қаусар үшін жекпе-жектің нәтижесінен бөлек, сол кездесуден түйген сабақтың да маңызы бар. Оның үстіне, жасөспірімдер мен жастар арасындағы жарыстардан ересектер бәсекесіне ауысу кез келген спортшы үшін оңай емес. Қарсыластардың тәжірибесі артып, жекпе-жектің қарқыны өзгереді, дайындыққа қойылатын талап та күшейеді. Қаусар қазір спорттық мансабының осындай жауапты кезеңін бастан өткеріп жүр.

Бүгінде кейіпкеріміз АҚШ-тың Вирджиния штатында тұрады. Елден жырақта жүргеніне қарамастан, бала күнінен серік еткен спортын тастаған жоқ. Қазір бапкер Ашок Кумардың жетекшілігімен жаттығып, шеберлігін шыңдап келеді. Бұған дейін, 2024-2025 жылдары, Жамбыл облыстық каратэ федерациясында 6-16 жас аралығындағы балаларды жаттықтырған. Енді бапкерлік тәжірибесін АҚШ-та жалғастыруды көздейді. Алдағы желтоқсанда Лас-Вегаста бапкер Денис Морозовтың жаттығу жиынына қатысуды жоспарлап отыр. Сондай-ақ жоғары деңгейдегі жарыстарда өнер көрсетіп, төрешілік санатын көтеруді және балаларға арналған каратэ бағдарламасын ашуды мақсат еткен.

– Жас спортшыларға қорықпау керек дер едім. Тоғыз жасымда да осыны айтқанмын: ішкі сенім болса, жеңіс те келеді. Бастысы – жаттығуды тастамау және әр жекпе-жектен сабақ алу, – дейді Қаусар Естеусіз.

Таразда спорттық жолын бастаған қазақ қызы бүгінде мұхиттың арғы бетінде жаңа белестерді бағындыруға ұмтылып жүр. Оның ендігі мақсаты – спорттағы жетістіктерін жалғастырып, жинаған тәжірибесін жас буынға үйрету.

АҚПАРАТ

ЖАРТЫЛАЙ ФИНАЛҒА ЖОЛДАМА



Қазақстандық Алан Құрманғалиев Түркияның Ыстамбұл қаласында өтіп жатқан жастар арасында үстел теннисінен әлем чемпионатының жартылай финалына жолдама алды.

Жұптық сында отандасымыз Иран өкілі Беньямин Фараджимен бірге өнер көрсетіп жатыр. Ширек финалда олар Үндістан құрамасының өкілдері Абхинандх Прадхивади мен Приянудж Бхаттачарьяны 3:2 есебімен жеңді. Осылайша, Алан Құрманғалиев әлем чемпионатының кем дегенде қола жүлдесін қанжығасына байлады.

Финалға шығу үшін Құрманғалиев пен Фараджи Оңтүстік Кореяның Ким Дэхван мен Ли Хенхо жұбымен кездеседі. Бұл матч 26 қарашаға жоспарланған.

«СЕМЕЙ» УКРАИНАЛЫҚ КЛУБТЫ ЖЕҢДІ

Қазақстанның «Семей» футзал клубы Чемпиондар лигасының 1/8 финалындағы алғашқы кездесуде Украинаның «Атлетик» командасын 3:2 есебімен жеңді.



Кездесу Молдованың Чореску қаласындағы «МФФ Футзал Арена» спорт кешенінде өтті. Ойынға испаниялық Хуан Галлардо бастаған төрешілер бригадасы қазылық етті.

«Семейдің» бас бапкері Сержи Альтисент алаңға Кнейсс, Дедезиньо, Кандидо, Де Оливейра Гомес және Торресті шығарды. Қосалқы құрамда Игита, Пиялы, Есенаманов, Карбаев, Әбдуманапұлы, Педриньо, Фернан және Тұрсағұлов болды. Кездесудің 7-минутында Фернан есеп ашса, 18-минутта Эдуард Нагорный таразы басын теңестірді. Екінші таймның 24-минутында украиналық клубтың ойыншысы Давид Калашник алаңнан қуылды. Араға екі минут салып, Педриньо қазақстандық команданы қайта алға шығарды.

35-минутта Олег Выставной есепті теңестірді. 36-минутта Богдан Мещеряков алаңнан қуылып, украиналық команда тағы да сан жағынан кем қалды. Кездесудің 38-минутында Педриньо дубль жасап, «Семейге» жеңіс әкелді – 3:2. Командалар арасындағы қарымта кездесу 5 желтоқсанда Семей қаласында өтеді.

ГАНДБОЛШЫЛАР ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫНДА

Алматы қаласында гандболдан әйелдер құрамалары арасындағы Азия чемпионатында Қазақстан командасы екінші кездесуін өткізді. Қазақстандықтар В тобында бұл жолы Үндістанмен алаңға шықты.



Бастапқыда матч тартыстылау өрбігенімен, екі үндістандық ойыншы бірінен соң бірі алаңнан қуылғаннан кейін қазақстандықтар күш алып кетті. Алаң иелері алғашқы таймда есепті 22:12-ге жеткізді. Екінші кезеңде үндістандықтар есепті барынша қысқартқанымен, Қазақстан құрамасы басымдықты сақтап қалды – 33:27.

Қазақстан командасының капитаны Ирина Хасаханова матчтың үздік ойыншысы атанды. Топтың фавориті Оңтүстік Корея гандболшылары Аустралияны ойсырата жеңді – 53:5. Осылайша, Қазақстан мен Оңтүстік Кореяның есебінде 4 ұпайдан бар. А тобында Гонконгты 34:13 есебімен қапы қалдырған Жапония да ұпай санын 4-ке жеткізді. Қазақстандықтар 25 қарашада Өзбекстанмен ойнайды. Екі топқа бөлінген он команданың сегізі ширек финалға жолдама алады.

Азия чемпионаты Алматыда осымен үшінші рет ұйымдастырылып отыр. 2002 және 2010 жылдары ұлттық құрама финалда Оңтүстік Кореяны жеңіп, чемпион атанған еді. Құрлықтық дода 3 желтоқсан күні мәресіне жетеді.

AMANAT MEDIA GROUP
AIQYN
Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС
Директор – Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ
Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары
Мадияр ТӨЛЕУ – Шығарушы редактор
Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ – Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы
Эльмира ЖҮРСІНБЕКҚЫЗЫ – Абай облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді

ЖАЛПЫ ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4819
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ»АҚ Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22, тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді
(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
•«Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор – Тілекгүл ЕСДӘУЛЕТ